

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
дербес білім беру ұйымының**

# **2030 жылға дейінгі ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**



**2018 жыл**



«Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
дербес білім беру ұйымының

# **2030 жылға дейінгі ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**

## МАЗМҰНЫ

<b>1. КІРІСПЕ</b>	3
<b>1.1. Ағымдағы жағдайға шолу</b>	5
<b>2. МИССИЯ. МАҚСАТТАР. ЖҰМЫС ҚАҒИДАЛАРЫ. БАСҚАРУ</b>	15
<b>3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР</b>	19
<b>Стратегиялық мақсат</b>	19
<b>1-стратегиялық бағыт</b>	
<b>3.1. Зияткерлік мектептердің тұрақты дамуы</b>	19
• Білім мазмұны	19
• Тәрбие жұмысының жүйесі	20
• Түлектер қауымдастығы	21
• Сапаны бағалау жүйесі	21
• Кәсіби капитал	25
• Білім беру ортасы	25
• Зерттеу негізінде даму	27
• Жаһандық серіктестік	28
• Коммерцияландыру және табыс көздерін ашу	29
<b>2-стратегиялық бағыт</b>	
<b>3.2. Тәжірибені тарату және инновацияларды қолдау</b>	31
• Орта білім мазмұнын жаңарту	31
• Педагогтердің кәсіби дамуы	32
• Білім мазмұнын жаңартуға әдістемелік қолдау көрсету	33
<b>4. ИНДИКАТОРЛАР МЕН КӨРСЕТКІШТЕР</b>	34



## 1. КІРІСПЕ

Бұл құжатта «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы ұсынылған.

Зияткерлік мектептердің ашылу тарихы он жылға жуық мерзімді қамтиды.

**2008 жылдың 12 наурызында Елбасы** Қазақстанда ұлтымыздың зияткерлік әлеуетінің көтерілуіне септігін тигізетін білім беру саласындағы көшбасшылық жоба – жаратылыстану-математика бағытында білім беретін **20 Зияткерлік мектеп ашуды тапсырды.**

**2010 жылдың 29 қаңтарында Елбасы Н. Назарбаев «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында** Зияткерлік мектептер заманауи оқу бағдарламаларын әзірлеп, апробациялайтын және оларды республиканың барлық орта білім беру жүйесіне енгізетін басты алаңға айналу қажеттілігін атап өтті.

Зияткерлік мектептердің одан әрі тиімді жұмыс істеуі үшін **2011 жылы «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңы<sup>1</sup>** қабылданды. Осы заңмен Зияткерлік мектептер білім беру деңгейлеріне сәйкес, яғни бастауыш (мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту), орта және жоғары мектеп бойынша заманауи білім беру бағдарламаларын әзірлеп енгізуді, мониторинг жасауды, зерттеуді, талдауды және апробациялауды жүзеге асыратын сынақ алаңы болып табылады.

**2012 жылдың қаңтарында** Елбасы Н. Назарбаев **«Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында** Зияткерлік мектептердің **тәжірибесін таратудың** маңызын көрсетіп, жалпы білім беретін ұйымдарды Зияткерлік мектептер деңгейіне дейін көтеруді және олардың тәжірибесін қазақстандық білім берудің барлық жүйесіне енгізу қажеттігін атап өтті.

**2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада<sup>2</sup>** Назарбаев Зияткерлік мектептерінің озық тәжірибесін жуық арада Қазақстанның барлық мектептеріне енгізу мәселесі қарастырылған.

**«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»<sup>3</sup>** Зияткерлік мектептердің тәжірибесі бойынша барлық жалпы білім беретін мектептерде жаңартылған білім беру мазмұнына өту жоспарланған.

**2018 жылдың 15 ақпандағы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында<sup>4</sup>** орта білім беру жүйесіне білім алушының бойында функционалдық сауаттылық, сын тұрғысынан ойлау, білім мен дағдыларын шынайы өмірде қолдана білу қабілетін қалыптастыруға бағытталған жаңартылған мазмұнды енгізу жалғасатыны атап көрсетілген.

Зияткерлік мектептердің даму қорытындылары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жетекшілік ететін Жоғары Қамқоршылық кеңестің отырыстарында қарастырылды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жұмыс істеген жылдарда Елбасы Зияткерлік мектептерге сегіз рет келіп, өзінің Жолдауларында, сондай-ақ әртүрлі ресми

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 394-IV Заңы

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығы

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы

мәлімдемелерінде олардың табысты жұмысын және бұл әлеуметтік жобаның ел үшін маңызын бірнеше мәрте атап өтті.

2017 жылдың 27 мамырында өткен **«Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» ДББҰ** Жоғары Қамқоршылық кеңесінің отырысында **Елбасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2030 жылға дейінгі дамуының жаңа стратегиясын** (бұдан әрі – ДББҰ-ның даму стратегиясы) **әзірлеуді тапсырды.**

ДББҰ-ның даму стратегиясы<sup>5</sup> мемлекетіміздің білім беру саясатының негізгі бағыттарын, Елбасы тапсырмаларын, Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауларын, сондай-ақ Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын ескере отырып әзірленді. Бұл құжат Білім беру мен ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен үндеседі.

ДББҰ-ның даму стратегиясы оның Іс-шаралар жоспарында көрсетілген «шағын да маңызды мың қадам»<sup>6</sup> идеясы арқылы жүзеге асырылады.

Мына негізгі бағыттарға басты назар аударылады:

- Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тұрақты дамуы;
- еліміздің орта білім беру жүйесіне Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату.

ДББҰ-ның даму стратегиясы үш кезеңде жүзеге асырылатын болады: бірінші кезең: 2018–2020 жылдар, екінші кезең: 2021–2025 жылдар, үшінші кезең: 2026–2030 жылдар.

ДББҰ-ның даму стратегиясын жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджет есебінен қаржы бөлу, сондай-ақ нормативтік-құқықтық актілер мен ағымдағы үдерістерге өзгеріс енгізу/әзірлеу қажет.

ДББҰ-ның даму стратегиясын жүзеге асыру барысында әлемдік **және ұлттық** өзгерістер мен өзекті жаңалықтар, Қазақстандағы сандық технологияның дамуы және қазақ тілі әліпбиінің кириллицадан латын графикасына ауысуы ескерілетін болады. Бұл өз кезегінде әлемдік үдерістерге уақытылы әрі жылдам бейімделіп, ұйымның жұмысын ұтымды ұйымдастыруды қажет етеді.

<sup>5</sup> «Назарбаев Университеті, Назарбаев Зияткерлік мектептері, Назарбаев қоры» ДББҰ-ның Жоғары Қамқоршылық Кеңесінің 2017 жылғы 27 мамырындағы (4-хаттама) отырысында Елбасы берген тапсырманы орындау үшін

<sup>6</sup> Тим Оутс, Уильям Шмидт және Ричард Праваттың идеяларына негізделген



## 1.1. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙҒА ШОЛУ

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – ДББҰ) қалыптасу кезеңінен өткен, орта білім беру жүйесінде<sup>7</sup> жаңа үлгіде қызмет ететін озық ұйым болып табылады. Оның құрамына білім беру мазмұны, бағалау, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту және құрылыс мәселелерімен айналысатын филиалдар мен еншілес ұйымдар кіреді.

Қазіргі кезде 20 зияткерлік мектеп және Астана қаласындағы Халықаралық мектеп (АХМ) жұмыс істейді. Бұған қоса, ДББҰ «Республикалық физика-математикалық мектеп» (РФММ) коммерциялық емес акционерлік қоғам акциясының 50%-ын иемденеді.

Зияткерлік мектептерде 15 мыңға жуық оқушы оқиды. Мектептердің жанындағы интернаттарда ауылдық жерлерден, шағын қалалар мен аудан орталықтарынан келген 2 мыңнан астам оқушы тұрады.

Оқыту мен оқудың инновациялық технологияларын меңгерген 3 мыңға жуық мұғалімнің (оның ішінде 195 шетелдік) кәсіби қоғамдастығы құрылды.

Елбасы қойған міндеттерді орындау үшін білім берудің инновациялық үлгісі (жаңартылған білім мазмұны, бағалау жүйесі, мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесі, оқу ортасы, басқару және т.б.) әзірленді, бұл мектеп түлектеріне қазақстандық және шетелдік үздік жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндік береді.

### Білім мазмұны

1-12-сыныптарға арналып, үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) әзірленген 291 оқу бағдарламасын қамтитын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ білім беру бағдарламасы – NIS-Programme әзірленіп, апробациядан өткізілді және білім беру үдерісіне енгізілді.

Бағдарламада қазақстандық және шетелдік үздік тәжірибе кіріктірілген, ол дүниежүзі мойындаған A-level (Ұлыбритания), O-level (Сингапур), IB-Programme (Халықаралық Бакалавриат) сияқты бағдарламалармен деңгейлес болып табылады. Аталмыш бағдарлама пән бойынша терең білім қалыптастыруға, пәндердің кіріктірілуіне және кең ауқымды дағдыларды дамытуға бағытталған қолданбалы сипатқа ие.

Пәндер бойынша оқу бағдарламаларының мазмұны құндылықтарға бағытталып, іс-әрекеттік, кіріктірілген және коммуникациялық тәсілдемелер негізінде дайындалды.

<sup>7</sup> Зияткерлік мектептердің жұмысы мен жетістіктері жайлы ақпарат: <http://www.nis.edu.kz/> сайтында

NIS-Programme білім беру бағдарламасы апробациядан өту барысында мұғалімдер мен оқушылардың пікірлері ескеріліп, зерттеу мониторингі нәтижесінде түзетіліп отырды.

Астана қаласындағы Зияткерлік мектеп пен Халықаралық мектеп Халықаралық Бакалавриат (ХБ) бағдарламасы бойынша білім береді.

Зияткерлік мектептерде оқыту қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады. Тілдер деңгейлеп оқытылады, жеке пәндер екінші және үшінші тілде жүргізіледі, сондай-ақ сабақтан тыс жұмыстар үш тілде ұйымдастырылады.

Инновациялық білім беру бағдарламасын әзірлеуші ретінде ДББҰ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) «Білім беру-2030» жобасына Қазақстан атынан ұлттық үйлестіруші болып тағайындалды.

## Тәрбие жұмысы

Зияткерлік мектептерде «Мәңгілік ел» құндылықтары мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде оқу және тәрбие ісін біріктіретін біртұтас білім беру үдерісі жүзеге асырылады, осы ретте қоғам мүшелері мен ата-аналарды оқу және тәрбие жұмыстарына белсенді түрде тарта отырып, оқушыларды қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатыстыру көзделген.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың бірегей жүйесі құрылып, әлеуметтік жобалар жүзеге асырылуда, атап айтқанда, «Шаңырақ» мектеп қауымдастығы, «Туған елге тағзым» экспедициясы, «Зияткерлік мектеп оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап», «Қазақ әндері», «100 күйдің тарихы», «2 апта ауылда», «Ата-ананың жұмыс орнындағы 10 күн», «Таратуға тұрарлық идея» форматындағы «TEDx NIS», «Wikipedia» клубтары және т.б. Бұл жобалар оқушылардың бойында елжандылық, азаматтық жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды насихаттауға, еліміздің тарихи және мәдени мұрасымен жақынырақ таныстыруға бағытталған.

Оқушылардың ынтымақтастық орнату әлеуетін, бәсекелестікке қабілетін дамыту мақсатында білім беру үдерісіне оқушылардың жоба жұмыстары енгізілген, қосымша білім беру элективтік курстар, робот техникасы, техникалық және көркем шығармашылық, спорт секциялары арқылы жүзеге асырылады. Командалық спорт (спорт секциясының 15 түрі) түрлерінің дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Оқушылардың арасында шахмат, үлкен теннис, жүзу, семсерлесу, тхэквондо, карате, спорттық бал билері және т.б. спорт түрлерінен 11 спорт шебері мен спорт шеберлігіне 256 үміткер бар.

Зияткерлік мектеп оқушыларының шығармашылық ұжымдары (Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы мектептің домбыра оркестрі мен вокалдық-

*2012 жылдың 27 сәуірінде өткен «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында Елбасы орта мектеп жүйесіне үш тілде оқытуды енгізу – Қазақстан балаларын болашаққа даярлау деп атап өтті.*

*«Нұр Отан» партиясының 2015 жылы 11 наурызда өткен «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес институционалдық реформа» тақырыбындағы XVI съезінде Елбасы білім беру бағдарламасына бүкілқазақстандық «Мәңгілік ел» идеясының құндылықтарын енгізу қажеттілігін атады.*





аспаптық ансамблі, Атырау қаласы мектебінің көлеңке театры, Талдықорған қаласы мектебінің хор ұжымы, Ақтөбе, Орал қалалары мектептеріндегі би ансамбльдері және т.б.) республикалық және халықаралық байқауларда өз өнерлерін көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрініп жүр.

Мектептерде робототехниканың дамуы ДББҰ World Robot Olympiad (WRO) жобасының Қазақстандағы ұлттық үйлестірушісі тағайындалуына мүмкіндік берді. Зияткерлік мектеп оқушылары республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, жоғары көрсеткіштерге жетіп жүр (Сочи – 2014 ж., Катар – 2015 ж., Үндістан - 2016 ж., Коста Рика – 2017 ж.).

## Бағалау жүйесі

Зияткерлік мектептерде әрбір оқушыға конкурстық іріктеуден бастап, мектепті бітіргенге дейін жеке қолдау көрсетіп, бәсекеге қабілетті түлек дайындауға және оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін кешенді бағалау жүйесі құрылды. Бағалау жүйесі бойынша үш тілде 1000 нормативтік құжат пен 1-12 сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалауға арналған 40 857 құрал дайындалды.

Конкурстық іріктеу жаратылыстану-математика бағытындағы ғылымдарға бейіні бар оқушыларды анықтауға бағытталған. Оқу жетістіктерінің мониторингі оқушылардың оқудағы жетістіктерін анықтау және жеке қолдау көрсету үшін пайдаланылады. Қорытынды аттестация халықаралық IGCSE (негізгі мектеп), AS-level, A-level, IB (жоғары мектеп) стандарттарына сәйкес келеді.

Қазақстанда тұңғыш рет білім мазмұнына негізделген және оқу бағдарламаларының күтілетін нәтижелеріне қаншалықты қол жеткізгендігін анықтауға мүмкіндік беретін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесі – критериалды бағалау жүйесі әзірленді.

Зияткерлік мектептердің халықаралық аккредитациядан өтуі ондағы білім беру қызметінің жоғары сапалылығына және халықаралық стандарт талаптарына жауап беретініне дәлел бола алады.

**10 Зияткерлік мектеп Халықаралық мектептер кеңесінің (Council of International Schools) халықаралық аккредитациясынан өтті.**

Сонымен қатар Астана қаласындағы Зияткерлік мектеп Халықаралық бакалавриаттың орта (MYP) және жоғары (DP) мектеп бағдарламаларының, ал Астана қаласының Халықаралық мектебі бастауыш (PYP) және орта мектеп (MYP) бағдарламаларының авторизациясына ие.

ДББҰ IAEA білім берудегі бағалаудың халықаралық қауымдастығының және AEA-Europe Еуропалық білім берудегі бағалау қауымдастығының мүшесі болып табылады.

*Елбасы Н. Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес 2019 жылдың соңына дейін барлық Зияткерлік мектептер аккредитациядан өтеді.*

## Мұғалімдердің кәсіби дамуы

Жоғары академиялық білімі бар, үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) оқыту мен оқудың инновациялық технологияларын меңгерген, мақсатты-құндылықты бағдарлар негізінде нәтижелі диалогтік оқыту үдерісін жүргізе алатын және оны жетілдіруге өз жанынан тың идеялар ойлап табуға қабілетті, оқу бағдарламалары мен емтихан материалдарының авторы бола алатын, IB, Robotics, CELTA, DELTA, CLIL/TKT халықаралық біліктілік дәрежелеріне ие мұғалімдерден кәсіби қоғамдастық құрылды.

Оқыту жұмысында нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізуге қажетті біліктер мен дағдыларды, жеке тұлғалық қасиеттерді жетілдіруге, кәсіби біліктілікті дамытуға бағытталған жаңа тұжырымдамалық тәсілдеме іске асырылды.

Мұғалімдердің жұмысын бағалау моделі дамуды көздейтін бағалау қағидаттарына негізделеді, ол оқытушының тағылымдамашы деңгейінен мұғалім, модератор, сарапшы, зерттеуші, шебер деңгейіне дейін үздіксіз кәсіби өсуіне және олардың кәсіби жетістіктерін анықтауға септігін тигізеді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 6 мұғалім-зерттеуші, 243 мұғалім-сарапшы, 892 мұғалім-модератор, 1342 мұғалім, 522 мұғалім-тағылымдамашы қызмет етеді.

Зияткерлік мектептер құрылғаннан бері мектептің миссиясын жүзеге асыруды және орта білім беру жүйесіне инновацияларды енгізіп, басқарудағы озық тәжірибені таратуды көздейтін кәсіби мамандардың қатары (тренерлер, білім беру бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешен, тест және т.б. әзірлеушілер, бағалау жөніндегі сарапшылар) қалыптасты.

Жаратылыстану-математика саласында озық білім мен дағдыларды меңгерген, оқушылардың шығармашылығын дамытуға қабілетті шетелдік мұғалімдер тартылған, олар қазақстандық мұғалімдермен бірлесе қызмет атқарады.

Академиялық құзыреті жоғары, үш тілді меңгерген «Болашақ» бағдарламасы және Назарбаев Университетінің магистратурасы мен докторантурасының түлектері оқыту ісіне елеулі үлес қосуда.

## Білім беру ресурстары және бірыңғай ақпараттық білім беру ортасы

ДББҰ-ның бизнес-үдерісін, оның ішінде үміткерлерді іріктеуді, оқу үдерісін ұйымдастыруды, инфрақұрылым, контингент және адам ресурстарын басқаруды автоматтандыратын бірыңғай ақпараттық білім беру ортасы (БАББО) жұмыс істейді, онда қолданушылар кез келген уақытта қол жеткізе алатын барлық деректер жинақталған.

Сонымен қатар БАББО-да Зияткерлік мектептердің мұғалімдері мен оқушыларына білімдік және әдістемелік қолдау көрсетіп, педагогикалық тәжірибемен алмасуға



мүмкіндік беретін «Педагогикалық білім қоры» (<http://sk.nis.edu.kz>) атты бірыңғай білім беру платформасы мен «Бағалау» деп аталатын жүйе жұмыс істейді. Платформада пәндер бойынша әзірленген білім беру ресурстары үш тілде орналастырылған.

Бастауыш және негізгі мектептің оқу-әдістемелік кешендері (бұдан әрі – ОӘК) әзірленді. Республикалық комиссия 1-сыныпқа арналған қазақ және орыс тілдеріндегі «Математика», «Жаратылыстану», «Дүниетану», 2-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» пәндерінің ОӘК-ісін базалық оқулық ретінде анықтап, олар еліміздің барлық мектептеріне енгізілді.

5-сыныпқа арналған орыс тіліндегі «Орыс тілі» (Т1), «Жаратылыстану», қазақ және орыс тілдеріндегі «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», 7-сыныпқа арналған қазақ және орыс тілдеріндегі «Көркем еңбек» (қыздарға арналған), «Көркем еңбек» (ұлдарға арналған) пәндерінің ОӘК-ісі ҚР Білім және ғылым министрлігінің еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне балама оқулық ретінде ұсынған тізбесіне енді.

Бұлардан басқа мектептердің оқу үдерісінде EBSCO, [www.TVIG-Bilim.kz](http://www.TVIG-Bilim.kz), [www.BilimLand.kz](http://www.BilimLand.kz), [www.iMektep.kz](http://www.iMektep.kz), [www.iTest.kz](http://www.iTest.kz) сияқты білім беру ресурстары пайдаланылады.

Оқушылардың академиялық және шығармашылық тұрғыдан дамуына септігін тигізіп, мұғалімдерді зерттеу жұмыстарына ынталандыратын білім беру ортасының маңызды құрамдас бөлігі – Назарбаев Зияткерлік мектептерінің кітапханалары болып табылады.

## **Зерттеу жұмысы**

ДББҰ жұмысын жетілдіріп, оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін ДББҰ-ның өз ішіндегі және сыртқы ұйымдар жүргізетін зерттеулерге көп көңіл бөлінеді. Бағалау жүйесі, мектеп бітірушілердің жетістіктері, мұғалімдердің аттестациясы мен оқушылардың ізденістеріне қатысты қолданбалы зерттеулер жүргізілді. «Іс-тәжірибедегі зерттеу» (Action research) және «Сабақты зерттеу» (Lesson study) тәсілдері педагогикалық тәжірибені жетілдірудің маңызды құралы болып табылады.

2012 жылдан бері Зияткерлік мектептерде «Іс-әрекеттегі зерттеу» бағытында 453 мұғалім, «Сабақты зерттеу» бағытында 264 мұғалім оқытылып, олар осы зерттеу стратегияларын педагогикалық қызметінде қолданып келеді.

## **Халықаралық ынтымақтастық және жаһандық серіктестік**

ДББҰ білім мазмұны мен оқу материалдарын, бағалау құралдарын әзірлеу, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін

*«Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қорының» Жоғары Қамқоршылық Кеңесінің 2013 жылы 18 сәуірде өткен отырысында елбасы Н. Назарбаев елдегі оқулықтардың сапасына қатысты мәселелердің барлығын атап өтіп, ДББҰ-ға білім беру бағдарламасының іске асуын қамтамасыз ететін оқулықтар мен оқу материалдарын, сандық білім беру ресурстарын әзірлеуді тапсырды.*

дамыту, зерттеу жүргізу мәселелері бойынша халықаралық әріптестермен бірігіп жұмыс істейді (Кембридж университеті, Джон Хопкинс университетінің дарынды жастар орталығы, Педагогикалық өлшеулер институты (Cito), Пенсильвания университеті, Ломоносов атындағы ММУ университетінің Колмогоров атындағы мамандандырылған оқу-ғылыми орталығы және т.б.).

Ынтымақтастықтың басты қағидалары:

- бірлесе жұмыс істеу үшін білім мен ғылым саласында халықаралық деңгейде танылған ұйымдарды таңдау;
- қазақстандық мамандардың әлеуетін көтеру;
- дайындалған барлық материалдарға ДББҰ-ның зияткерлік меншік құқығына ие болуы.

ДББҰ мынадай жетекші халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық байланыс орнатқан:

- ЭЫДҰ-мен «Білім беру-2030» бағдарламасының ұлттық үйлестірушісі ретінде;
- БҰҰ Даму бағдарламасымен қоршаған ортаны сақтау жобасы бойынша;
- ЮНЕСКО-мен қолайлы білім беру ортасы мәселелері бойынша;
- «World Robot Olympiad Association» ұйымымен жобаның ұлттық үйлестірушісі ретінде;
- «The World Association of Lesson Studies» (WALS) қауымдастығымен сабақты зерттеу тәсілі бойынша ұлттық үйлестірушісі ретінде.

Халықаралық ынтымақтастық Зияткерлік мектептердің білім беру үдерісіне инновацияларды енгізіп, еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне озық тәжірибені таратуға мүмкіндік береді.

## Оқушылардың оқу жетістіктері

Жыл сайын Зияткерлік мектептердің оқушылары 100% үлгерімді және 90%-дан асатын білім сапасын көрсетуде. IELTS халықаралық емтиханынан оқушылардың 40%-ы 6 және одан жоғары балл, ал 11%-ы 7-8 балл жинаса, кейбір оқушылар SAT халықаралық емтиханынан максималды балл жинап, республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысында жүлделі орындарға ие болды. Зияткерлік мектептердің оқушылары физикадан халықаралық (IPhO) және Азия елдері олимпиадасының, химиядан халықаралық Меңделеев олимпиадасының, математика, физика, химия және информатика пәндерінен «Туймаада» халықаралық олимпиадасының, математика, физика және информатикадан О. Жәутіков атындағы халықаралық олимпиадасының, биологиядан халықаралық олимпиаданың (IBO) және т.б. жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып табылады.

2010-2017 жылдар аралығында 14 385 оқушы халықаралық және республикалық олимпиадаларға, ғылыми



жарыстар мен ғылыми жобалар сайысына қатысып, олардың 8 916-ы (62%) жүлдегер атанды.

Зияткерлік мектептер ашылғалы барлығы 5660 түлек бітіріп шықты. Түлектердің барлығы жоғары оқу орындарына түсті. Олардың 90%-ы грант иеленіп, 90%-ы техникалық, инженерлік, медициналық, педагогикалық, ауыл шаруашылығы, әскери іс мамандықтарын таңдады.

Зияткерлік мектептердің түлектері Назарбаев Университеті мен беделді ұлттық және шетелдік жоғары оқу орындарында (Принстон университеті, Korea Advanced Institute of Science&Technology (KAIST), Management Development Institute (MDIS), Страсбург қаласында орналасқан Сәулет өнерінің жоғары ұлттық мектебінде, Гонконг политехникалық университетінде (PolyU), Пусан ұлттық университетінде (Оңтүстік Корея), HAMK University of Applied Sciences (Финляндия) және т.б.) білім алып жатыр.

## Тәжірибе тарату

Зияткерлік мектептердің жинақтаған тәжірибесі еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне таратылып, кешенді түрде жүзеге асырылуда, бұл - мұғалімдерді алдын ала дайындау, орта білім мазмұнын жаңарту және жалпы білім беретін мектептерге әдістемелік қолдау көрсету.

Мамандарды жаңартылған білім мазмұнын енгізуге дайындау аясында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы (бұдан әрі – ПШО) 112 білім беру бағдарламасын әзірледі. Олардың 18-і мектепте оқытудың әдістемесі мен технологияларына; 6-ы ЖОО/колледжде оқытудың әдістемесі мен технологияларына; 7-і мектепті басқару және жетекшілік етуге; 81-і орта білім мазмұнын жаңартуға арналған.

Аталған бағдарламаларды жүзеге асыру үшін 4 705 тренер: мектепте оқыту әдістемесі мен технологияларынан – 1249; ЖОО/колледжде оқытудың әдістемесі мен технологияларынан – 997; орта білім мазмұнын жаңарту аясында – 2289, мектепті басқару және жетекшілік ету бағытында 55 тренер даярланды.

2012-2017-жылдар аралығында ПШО мен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-та 253 579 педагог ПШО әзірлеген бағдарламалар негізінде оқытылды.

Мектепте оқыту әдістемесі мен технологияларынан 65 мыңнан астам мұғалім оқытылды.

Жағымды оқу ортасы мен мектепті басқарудың тиімді әдістерін қалыптастыру мақсатында мектепті басқару және көшбасшылық бағытында жалпы білім беретін мектептің 4 174 басшысы оқытылды.

159 мыңнан астам мұғалім орта білімнің жаңартылған мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті

*Мемлекет басшысы  
Н. Назарбаев халыққа  
жасаған Жолдауында  
Зияткерлік мектептерді  
отандық білім беру  
жүйесінің көшбасшылары  
ретінде танитынын,  
сондай-ақ заманауи  
оқу бағдарламаларын  
әзірлеп, апробациялап,  
кейін оларды  
республикамыз бойынша  
енгізетін негізгі алаң  
ретінде қызмет  
атқаратынын атап  
көрсетті.*



(ПШО-да 62 168 мұғалім, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-та 97 007 мұғалім).

Мектептің әлеуетін арттыру мақсатында әрбір мектепте оқытудың әдістемесі мен технологиясынан 17 517 мектеп тренері, критериалды бағалау бойынша 7 192 үйлестіруші оқытылды.

Жаңартылған білім мазмұнын жүйелі түрде енгізу мақсатында бастауыш, орта және жоғары мектептерге арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жобалары әзірленіп, ҚР Білім және ғылым министрлігіне (бұдан әрі – ҚР БҒМ) тапсырылды.

Жаңа стандарттарға сәйкес пәндердің 136 оқу бағдарламасы әзірленді. 2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қазақстанның 30 пилоттық мектебінде бастауыш мектеп бағдарламаларының апробациясы басталды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру бағытында 10 бағдарламалық құжат, әдістемелік ұсыным мен практикалық нұсқаулық әзірленіп, ҚР БҒМ-ға берілді. Пилоттық және жалпы білім беретін мектеп оқушыларының бойында елжандылық қасиетті қалыптастыруға бағытталған «Шаңырақ» мектеп қауымдастығының тәжірибесін таратуға арналған 500 семинар өткізілді.

Қазақстан Республикасы білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында оқушыларға патриоттық тәрбие беруге бағытталған Зияткерлік мектептердің «Шаңырақ» және «Туған елге тағзым» жобалары жүзеге асырылуда.

Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне онлайн түрде әдістемелік қолдау көрсету мақсатында жүйелік-әдістемелік кешен (ЖӘК, <http://smk.edu.kz/>) әзірленді. Онда орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламалары аясында 1, 2, 3, 5, 7-сыныптарға арналып дайындалған оқу материалдары тегін ұсынылған (жүйелі түрде толықтырылып тұрады).

Зияткерлік мектептер жаңартылған білім мазмұны және педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудан өңірлердегі әдістемелік орталықтар болып табылады. Мұнда 8 мыңға жуық әдістемелік, кеңес беру және тәжірибелік іс-шаралар өткізілді.

2017 жылдың 1 қыркүйегінен бастап еліміздің 1, 2, 5, 7-сыныптарында ДББҰ әзірлеген бағдарламалар бойынша жаңартылған білім мазмұны енгізіле бастады.

*2017 жылдың 27 мамырында «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» дербес білім беру ұйымдарының Жоғары Қамқоршылық кеңесінің отырысында Мемлекет басшысы Н. Назарбаев Зияткерлік мектептерді жаңартылған білім мазмұны мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша өңірлердегі әдістемелік орталық ретінде қызмет көрсететінін айтты.*



## SWOT-талдау

Әлді жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Елбасы Н. Назарбаевтың қолдауы</li> <li>• Түлектердің 100% жоғары орындарына түсуі</li> <li>• 10 Зияткерлік мектептің Халықаралық мектептер кеңесі (CIS) аккредитациясынан өтуі</li> <li>• Мұғалімдердің біліктілігін арттырудың тиімді жүйесі</li> <li>• Еліміздің 1 және 2-сыныптарында жаңартылған білім мазмұнын енгізуде оң нәтижеге қол жеткізуі</li> <li>• ДББҰ-ның жаңартылған білім мазмұны және біліктілікті арттыру бойынша өңірлердегі әдістемелік орталық ретінде танылуы</li> <li>• ДББҰ мен Орталықтар қызметкерлерінің кәсіби дамуы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мемлекеттік бюджетке толық тәуелді болуы</li> <li>• Отандық жоғары оқу орындарының Зияткерлік мектеп түлектерін оқытуға толық дайын болмауы</li> <li>• Педагогикалық жоғары оқу орындары түлектерінің кәсіби даярлықтарының жаңартылған білім мазмұны талаптарына сәйкес келмеуі</li> <li>• Елімізде бір мезгілде екі-үш тілде оқыту тәжірибесінің жеткіліксіздігі</li> <li>• Мектепке дейінгі және орта білім беру жүйелерінде қолданбалы зерттеулердің жеткіліксіздігі</li> <li>• Дидактикадан іргелі зерттеулердің жеткіліксіздігі</li> <li>• ДББҰ орталықтарында штат кестесінің жеткіліксіздігі</li> </ul>
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер/тәуекелдер
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Халықаралық сертификаттау арқылы қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру</li> <li>• Біліктілікті арттырудың сертификатталған бағдарламаларын іске қосу</li> <li>• Мониторинг нәтижелері бойынша білім беру мазмұнын, бағалау жүйесін, біліктілікті арттыру жұмысын жетілдіру</li> <li>• Орта білім беру ұйымдарын аккредитациялау</li> <li>• Білім мазмұнын жаңарту аясында жоғары оқу орындарының профессор, оқытушы, студенттерімен ынтымақтастық орнату</li> <li>• Дидактикадан іргелі зерттеулер жүргізу және оларды коммерцияландыру</li> <li>• Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебімен бірлесе отырып, дипломнан кейінгі сертификаттау (PGCE) ісін қолға алу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Білім беруге бөлінген бюджеттік қаражаттың қысқартылуы</li> <li>• Қоғамның кей бөлігінің жаңа бастамаларды толық түсінбеуі</li> <li>• Мұғалімдердің «кәсіби тұрғыдан шаршауы»</li> <li>• ДББҰ мен Орталықтарда білікті мамандардың тұрақтамауы</li> </ul>

Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер/тәуекелдер
<ul style="list-style-type: none"><li>• Білім беру жүйесі мамандарын зерттеу жұмысын жүргізуге үйрету және оларды зерттеу ісіне тарту</li><li>• Жалпы білім беретін ұйымдардың мамандары мен басшыларын зерттеу жұмысын жүргізудің теориясы мен практикасына және әдіснамасына үйрету</li><li>• Елімізде және шетелдерде білім беру қызметтерін жүзеге асыру және зерттеу жүргізу арқылы ДББҰ-ның кәсіби деңгейін арттыру</li><li>• ДББҰ-ның жетістіктері, үштілділік саясат, жаңартылған білім мазмұны туралы елімізде тұрақты түрде ақпараттық-насихаттау жұмысын жүргізу</li></ul>	





## 2. МИССИЯ. МАҚСАТТАР. ЖҰМЫС ҚАҒИДАЛАРЫ. БАСҚАРУ

### Миссия

Орта білім беру саласындағы үздік ұлттық, халықаралық тәжірибе мен практикалық бағыттағы елеулі ғылыми жетістіктерді кіріктіру арқылы Қазақстанның зияткерлік әлеуетін нығайтуға үлес қосу.

### Мақсаттар

- **Зияткерлік мектептердің түлектері** – терең академиялық білімі бар, жан-жақты дағдылар мен бірнеше тілді меңгерген, Қазақстанның және әлемнің жетекші жоғары оқу орындарына түсе алатын, белсенді азаматтық ұстанымға ие еліміздің патриоттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосатын азаматтар.
- **Білім беру бағдарламасы** академиялық білім негізінде функционалдық сауаттылықты көтеруге, рухани құндылықтарды дамытуға және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталған. Бағдарлама мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.
- **Бағалау жүйесі** ашық, сенімді, халықаралық талаптарға сай келеді. Барлық мектептер халықаралық аккредитациядан өткен, НЗМ-ны бітіру туралы құжаттарды отандық және дүниежүзінің жетекші жоғары оқу орындары мойындайды.
- **Педагогтер** – көптілді, оқыту ісін шебер меңгерген, өз тәжірибесін зерттейтін кәсіби мұғалімдер қауымы.
- **Білім беру ортасы** – инновациялық технологиялар мен алуан түрлі оқу ресурстарын қамтитын жайлы орта.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ – елімізде және шетелдерде мектепке дейінгі және орта білім беру саласында сапалы қызмет көрсететін инновациялық ұйым.

### Жұмыс қағидалары

Өз қызметінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мынадай қағидаларды басшылыққа алады:

#### 1) Заңдылық және әлеуметтік жауапкершілік

ДББҰ өз қызметін ҚР Конституциясына, ҚР заңдарына, ҚР Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, сонымен бірге ДББҰ Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

#### 2) Дербестік және өзін-өзі басқару

Қоғам алдындағы жауапкершілік пен есеп беру міндетімен бірге басқару және шешім қабылдаудағы дербестігі «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» ҚР Заңына сай қарастырылған.

#### 3) Алқаластық және көшбасшылықты бөлісу

Жоғары қамқоршылық кеңес, Қамқоршылық кеңес, атқарушы органдар өз деңгейлерінде шешімді бірлесіп қабылдайды.

**4) Инновациялылық және академиялық еркіндік**

ДББҰ үнемі жаңа әдістер мен технологияларды қолдануға ұмтылады. Білім беру бағдарламаларын, сонымен қатар ғылыми зерттеуге бағытталған білім беру әдістерін әзірлеу мен таңдауда ДББҰ-ның тәуелсіздігі «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» ҚР Заңына сай қарастырылған.

**5) Ашықтық**

ДББҰ өз жұмысында ашықтық қағидаларын басшылыққа алады. Коммерциялық мүдделерді қорғауға және мемлекеттік немесе заңда қарастырылған өзге де құпияларды жарияламауға қатысты жағдайларды есепке алмағанда, ұйымның бүкіл қызметі қоғамға ашық түрде ұсынылады.

**6) Ынтымақтастық және өзара қарым-қатынас**

ДББҰ соңғы жаһандық үрдістерге сәйкес тың идеялармен, жаңа ресурстармен алмасу арқылы ынтымақтастық пен өзара қарым-қатынас құру негізінде педагог қызметкерлер мен оқушыларға үздіксіз білім алуға мүмкіндік береді. ДББҰ білім беру саласындағы стратегиялық серіктестермен қарым-қатынас жасауға және оны нығайтуға ұмтылады.

**7) Білім беру, ғылым мен тәжірибені кіріктіру.****Зерттеу негізінде даму**

ДББҰ енгізетін инновациялар қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ізденістері мен зерттеулерінің нәтижесі болып табылады. ДББҰ зерттеу және тәжірибе білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылатынын мойындайды.

**ДББҰ-НЫ БАСҚАРУ****Міндет: Заманауи басқару және көшбасшылық нысандарын іске асыру**

ДББҰ өз қызметін «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» ҚР Заңы шеңберінде ағымдағы басқару жүйесіне сәйкес жалғастырады.

**Жоғары қамқоршылық кеңес**

Жоғары қамқоршылық кеңес – ДББҰ-ның жоғарғы басқару органы. Жоғары қамқоршылық кеңесті Жоғары қамқоршылық кеңестің төрағасы басқарады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Жоғары қамқоршылық кеңестің тұңғыш төрағасы болып табылады.

Жоғары қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрылымы, құзыреті, қалыптасу тәртібі, Жоғары қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі, сондай-ақ олардың шешім қабылдау тәртібі Жоғары қамқоршылық кеңестің тұңғыш төрағасы бекітетін Жоғары қамқоршылық кеңес туралы ережемен анықталады.

**Қамқоршылық кеңес**

Қамқоршылық кеңес Жоғары қамқоршылық кеңес құзыретіне кіретін мәселелерді қоспағанда, ДББҰ қызметіне жалпы басшылық жасайтын орган болып табылады.

Қамқоршылық кеңестің құрамын Жоғары Қамқоршылық кеңес бекітеді. Қамқоршылық кеңестің құрамына лауазымы бойынша ДББҰ атқарушы орган басшысы кіреді.

Қамқоршылық кеңес мүшелердің басым көпшілігінің шешімі бойынша комитеттер құруға құқылы. Комитеттер Қамқоршылық кеңестің үш немесе одан да көп мүшелерінен тұрады. Комитеттерді құру қандай да бір мүшені өзіне жүктелген жауапкершіліктен



босатпайды. Қажет болған жағдайда Қамқоршылық кеңес бұдан бұрын құрылған комитеттерді таратып, қайта құра алады.

Қамқоршылық кеңес өз қызметін Қамқоршылық кеңес бекітетін Ереженің негізінде жүзеге асырады.

### **Басқарма**

Басқарма ДББҰ-ның алқалық атқарушы органы болып табылады. Ол Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен ДББҰ-ның басқа басқару органдарының құзыретіне жатқызылмаған қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдау арқылы ағымдағы басқаруды жүзеге асырады.

Басқарма Жоғары қамқоршылық кеңестің және Қамқоршылық кеңестің шешімдерін орындайды.

Басқарма Жоғары қамқоршылық кеңеске, Қамқоршылық кеңеске есеп береді және олардың алдында өзіне жүктелген міндеттерді орындауға жауапты болады.

Басқарма құрамын Қамқоршылық кеңес бекітеді.

### **Зияткерлік мектептердің директорлар кеңесі**

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің директорлар кеңесі Зияткерлік мектептердің директорларынан құрылған кеңесші орган болып табылады.

Директорлар кеңесінің негізгі міндеттері Зияткерлік мектептер арасында тәжірибе алмасу, білім беру үдерісі мен мектеп жұмысын жетілдіру үшін жағдай жасау және ұсыныс әзірлеу болып табылады.

### **Зияткерлік мектептердегі мектепішілік басқару**

Зияткерлік мектептердегі басқару командалық басқару және бөлінген көшбасшылық қағидаларына бағдарланған. Әр Зияткерлік мектепте мынадай басқару органдары құрылады:

**Зияткерлік мектептің Қамқоршылық кеңесі** – әрдайым қоғамдық негізде жұмыс істейтін алқалық орган. Қамқоршылық кеңес қызметінің мақсаты – Зияткерлік мектепке жарғыда қарастырылған міндеттерді жүзеге асыруға, материалдық базаны жақсарту үшін қосымша қаржы көздерін тартуға және өзі көрсететін қызмет сапасын арттыруға қолдау көрсету.

Қамқоршылық кеңестің құрамына ата-аналар, мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, іскерлік және ғылыми орта мен БАҚ өкілдері, педагог мамандар, сондай-ақ мектептің дамуы мен жұмысын жақсартуға қызығушылық танытатын өзге тұлғалар кіре алады.

Қамқоршылық кеңес Зияткерлік мектептер әкімшілігінің ағымдағы үлестірушілік қызметіне араласпайды.

**Зияткерлік мектептің ата-аналар комитеті** – мұғалімдер ұжымына оқу үдерісін, оқушылардың сыныптан тыс уақытын және оларды әлеуметтік қорғауды ұйымдастыруға көмек көрсету мақсатында құрылған мектепті басқарудың алқалық органы.

**Зияткерлік мектептің оқушылар кеңесі** – мектепті басқаруға, сабақтан тыс уақыттағы түрлі шараларды ұйымдастыруға және оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге, мектеп қызметінің өзге де мәселелеріне атсалысатын, оқушылардың өзін-өзі басқару ісімен айналысатын атқарушы органы.

**Зияткерлік мектептің педагогикалық кеңесі** – мектептегі оқу-тәрбие ісінің негізгі мәселелерді қарастыру және шешу мақсатында жұмыс істейтін, педагог мамандардың өзін-өзі басқаратын алқалық органы. Педагогикалық кеңес педагогтердің кәсіби қызметіне байланысты барлық шешімді қабылдауға құзырлы.

**Зияткерлік мектептің әдістемелік кеңесі** – мұғалімдердің оқыту ісіндегі шығармашылығын дамытуға ықпал ететін, мектептің әдістемелік (ғылыми-әдістемелік) жұмысын басқаратын мектепшілік педагогикалық алқалық органы.

#### **Есеп беру**

ДББҰ өз жұмысы туралы басқарушы органдар мен жұртшылыққа есеп беруде мынадай қағидаларды басшылыққа алады:

- ашықтық;
- қолжетімділік;
- нәтижені бағдарға алу.

Осы ДББҰ-ның даму стратегиясына қосымша жоспарлар мен жылдық қызметі туралы есеп әзірленіп, [www.nis.edu.kz](http://www.nis.edu.kz) ДББҰ ресми сайтында жарияланады.

Мектептердің есебі Зияткерлік мектептерді дамыту жоспарларына негізделген. Олар мектептің Қамқоршылық кеңесіне, ата-аналар комитетіне және басқа да органдарға талқылау үшін ұсынылады.

Барлық есептерді Зияткерлік мектептердің сайттарынан табуға болады.

#### **Күтілетін нәтиже:**

Заманауи басқару нысандары іске асырылады.



### 3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

#### Стратегиялық мақсат

Елімізде және шетелдерде мектепке дейінгі және орта білім беру жүйесінде сапалы қызмет көрсететін инновациялық ұйым болу.

#### 1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.

##### 3.1. Зияткерлік мектептердің тұрақты дамуы

#### Білім мазмұны

##### Міндет: Білім беру бағдарламасы мен көптілділік саясатын жетілдіру

NIS-Programme қазақстандық контексті сақтай отырып, әлемдік үздік білім беру тәжірибелерін біріктіретін үлгілік білім беру бағдарламасы бола тұра, ЭЫДҰ елдері стандарттарының талаптары негізінде жетілдіріліп отырады.

Сандық технология мен жасанды зият тез дамыған, адам құқықтары мен мүмкіндіктері кеңейген, көші-қон үдерісі өсіп, жаһандану қарқыны жеделдетілген кезеңде оқушылар әлеуметтік және сандық кеңістікте бағдарлай алып, өз өмірін саналы және жауаптылықпен басқара алуы керек.

Оқушылар өмірдің әртүрлі салаларында белсенділік таныту үшін уақыт кеңістігінде «саяхаттай» (өткен, қазіргі және келешек) алып, әлеуметтік (отбасы, қоғам, аймақ, ұлт, әлем) және сандық кеңістікке бейімделе алуы қажет.

Бұл үшін ДББҰ «Білім беру мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» ЭЫДҰ жобасының ұлттық үйлестірушісі ретінде жұмысын жалғастырады. Аталған жоба әртүрлі елдердің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, жаңартуға және іске асыру мәселелерін жеке және ұжымдық түрде зерттеуге арналған ортақ алаң құруға бағытталған. Бұл жоба ақпаратпен бөлісуге, тәжірибе алмасуға, әлемдік білім беру жүйелерінің даму траекториясын анықтау үдерісіне тең құқылы дәрежеде қатысуға мүмкіндік береді.

ДББҰ NIS-Programme білім беру бағдарламасы мен көптілділік саясаттың күтілетін нәтижелеріне мейлінше сай қол жеткізуді көздейді.



Қалаулы және қол жеткізілетін білім беру бағдарламасы арасындағы алшақтықты қысқарту мақсатында қолданыстағы білім беру бағдарламасын іске асыру тетігі білім берудің өзекті қажеттіліктеріне, Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік ұмтылыстар мен жаһандық мәселелерге сәйкес әрі қарай жетілдірілетін болады.

Осы міндетті орындаудағы жұмыстың негізгі бағыты тұжырымдарды түсіну, STEAM және басқа да жобаларды іске асыру арқылы **пәнаралық білімді, жүйелік ойлауды, математикалық негіздеуді және сандық сауаттылықты дамыту** болып табылады.

Екінші бағыт – **жаһандық азаматтық пен жаһандық құзыреттерді дамыту**, яғни көшбасшылық қасиеттерді дамыту, мәдениетаралық қарым-қатынастарды нығайту, командада жұмыс істей алу, ымыраға келу, өз іс-әрекетіне жауапкершілік алу, өз қызметінің инновациялық өнімін ұсыну.

Үшінші бағыт – **оқушылардың эмоциялық зиятын дамыту және тән саулығын сақтау.**

Зияткерлік мектептердің оқушыларын жеделдетіп және қашықтықтан оқыту үшін арнайы білім беру бағдарламалары әзірленетін болады. ДББҰ әзірлейтін білім беру ресурстары – екі және одан да көп тілде ұсынылатын, оқуды дербестендірудің автоматтандырылған жүйесінің мазмұнына енетін оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) мен сандық өнімдер білім беру бағдарламасында теориялық тұрғыдан белгіленген және іс жүзінде алынатын нәтижелердің арасындағы алшақтықты қысқартуға септігін тигізеді. Осыған байланысты 7-12 сыныптар үшін оқу-әдістемелік материалдарды, оның ішінде сандық форматтағы материалдарды әзірлеу өз жалғасын табады.

Зияткерлік мектептерде үштілді білім беру жүйесін одан әрі дамыту екінші шет тілін үйрену арқылы толықтырылады. Бұл көптілді тұлғаны қалыптастыруға және оқушылардың мәдениетаралық және метатанымдық құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді. Екінші шет тілін міндетті компонент ретінде үйрену оқушыларға әлемнің үздік университеттерінде жоғары білім алуға қосымша мүмкіндік береді. Көптілді білім беруді енгізу мұғалімдер мен қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға жағдай жасау, оларға әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсету, сондай-ақ педагогикалық тәжірибені зерттеумен қатар жүреді.

Қазақ тілінде әзірленген оқу бағдарламаларын, орта мерзімді оқу жоспарларын, оқу құралдары мен ОӘК-ті латын әліпбиіне көшіру жұмысы кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын болады.

#### **Күтілетін нәтиже:**

- Зияткерлік мектептер функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған NIS Programme білім беру бағдарламасын жүзеге асырады.
- Білім беру бағдарламасын іске асыруда білім беру ресурстары, соның ішінде сандық форматтағы ресурстар әзірленеді.

### **Тәрбие жұмысының жүйесі**

**Міндет: Мәдени мұраны сақтау және жаңғырту, жастарға патриоттық тәрбие беру және рухани жағынан дамыту**

Зияткерлік мектептерде «Мәңгілік Ел» құндылықтары мен «Рухани жаңғыру» бағдарламалық құжатында белгіленген міндеттер негізінде оқу мен тәрбиені кіріктіретін білім беру үдерісінің біртұтас жүйесі қолданылады.

Жастардың бойында өз еліне деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін тәрбиелеуге, біртұтас ұлттың бәсекеге қабілетті және жауапкершілікті сезінетін тұлғасын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік жобалар мен тәжірибелер, түрлі бағдарламалар мен іс-шаралар әрі қарай жалғасын табады.



Білім беру мен ғылымдағы үздік жетістіктерді насихаттауға арналған бастамалар мен еріктілер қозғалысын қолдау мақсатында оқушылар арасында зияткерлік қозғалысты дамыту, сондай-ақ оқушылар мен түлектер арасындағы өзара қарым-қатынас дәстүрін қалыптастыру жоспарланып отыр.

Психологиялық ахуалды жақсарту, оқушылардың бойында өзара сыйластық пен өз-өзін ұстай білу дағдысын дамытып, позитивті ойлау және алға ұмтылу құлықтарын қалыптастыру мақсатында мектептер жұмысы ЮНЕСКО-ның бақуатты және бақытты мектеп идеологиясын дамытуға бағытталатын болады.

#### **Күтілетін нәтиже:**

Біртұтас ұлттың бәсекеге қабілетті, сындарлы, мықты, жасампаз, отансүйгіш және белсенді тұлғасы.

### **Түлектер қауымдастығы**

#### **Міндет: Зияткерлік мектептердің «елшілері» ретінде әрекет ететін және Қазақстанның тұрақты дамуына сүбелі үлес қосатын түлектер қоғамдастығын дамыту**

ДББҰ-ның тұрақты дамуы, түлектердің зияткерлік әлеуетін тиімді пайдалану, ұжымдық рухты қолдап, нығайту, түлектер мен мектеп оқушылары арасында өзара қарым-қатынас жасаудың тиімді жолын іске асыру мақсатында Зияткерлік мектеп желісінің түлектер қауымдастығы және әртүрлі бағыттағы түлектер клубы құрылады.

Мектеп түлектері еліміздің зияткерлік әлеуетін нығайтатын көшбасшылар ретінде Зияткерлік мектеп базасындағы білім беру мен әлеуметтік жобаларға қатысатын болады.

Ғылым, білім және өнеркәсіпте серпінді жобаларды іске асыру мақсатында жеке инвестициялардың есебінен мектеп бітіруші түлектердің endowment қоры құрылады.

#### **Күтілетін нәтиже:**

Түлектер қауымдастығы Зияткерлік мектептердің және еліміздің дамуына елеулі үлес қосады.

### **Сапаны бағалау жүйесі**

#### **Міндет: Бағалау жүйесін тұрақты дамыту**

Бағалау жүйесінің тұрақты дамуы үшін бағалау форматы мен мазмұнын жетілдіру, оларды сандық түрге келтіру және жасанды зият технологиясына көшу жоспарланып отыр. Бұл ДББҰ қызметкерлерінің әлеуетін одан әрі дамытуды, мамандарды сертификаттауды және халықаралық ұйымдарда бағалау үдерісін аккредитациялауды талап етеді.

#### **Оқушыларды конкурс негізінде іріктеу**

Еліміздің жаңартылған білім мазмұнына өтуіне байланысты<sup>8</sup> ДББҰ тест тапсырмаларының қорын жаңартады, форматын оңтайландырып, үміткерлер құрамын іріктеу үдерісін

<sup>8</sup> 2019 жылдан бастап Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына кең ауқымды дағдыларды дамытуға және оқудың жүйелік мақсаттарына бағытталған жаңартылған білім мазмұнының оқу бағдарламалары бойынша оқитын жалпы білім беретін мектептердің 6-сынып оқушылары келеді.



автоматтандырады. Жаңартылған формат тестілеу бөлімдерінің арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді және үміткерлерге өздерінің жаратылыстану-математика салалары бойынша қабілеттерін және тілдік дағдыларын барынша көрсетуге мүмкіндік береді.

Емтихан материалдарын даярлау жұмысын жоғары деңгейдегі құпиялылық пен эргономика талаптарына сәйкес автоматтандыру және жыл сайын сынамалы компьютерлік тестілеуді өткізіп, оның нәтижелерін өңдеу үдерісін кезең-кезеңмен автоматтандыру жоспарлануда.

Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін тест әзірлеу, оған сараптама жасау, оның дизайны, тест нәтижелерін статистикалық және психометриялық тұрғыдан өңдеу мәселелері бойынша қызметкерлердің біліктілігін жүйелі түрде арттырып, сертификаттау қажет. Оның мақсаты – бағалау құралдары мен үдерістерінің жоғары сапасын қамтамасыз ету.

Виртуалды және каникулдық мектептер өз жұмысын жалғастырады.

Конкурстық іріктеу жүйесінің тиімділігі салыстырмалы зерттеулер шеңберінде анықталады. Осы зерттеу нәтижелері жаратылыстану-математика бағытындағы ғылымдарға қабілеті бар оқушылар құрамын қалыптастыру және конкурстық іріктеу жүйесін тұрақты дамыту үшін пайдаланылады.

### **Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау**

Құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған NIS-Programme білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін бағалау құралдарының фокусын кеңейтіп, оқушылардың қабілеттері мен дағдыларын бағалаудың қосымша критерийлерін қосу қажет.

Жоғары деңгейдегі танымдық (когнитивтік) дағдыларды бағалаудан танымдық емес (когнитивтік емес) дағдыларды бағалау әдістемесін әзірлеуге және іске асыруға жүйелі түрде өту қажет. Бұл мұғалім тәжірибесіндегі бағалау шегін кеңейтуге мүмкіндік береді, оқушылардың академиялық және жеке әлеуетін дамытуда бағалаудың ықпалын арттырады.

Бағалауды одан әрі дербестендіру жоспарлануда. Бұл тек автоматтандыруды ғана емес, білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының өзгеше ойлауын, бағалаудың барлық сатыларына – атсалысудан жеке жауапкершілікке, командалық жұмыстан көшбасшылыққа өтуде жаңа көзқарастың болуын білдіреді. Осы бағыттағы жұмыстарға техникалық қолдау көрсету автоматтандырылған платформа негізінде жүзеге асырылады.

Танымдық емес (когнитивтік емес) дағдыларды бағалау және даралау технологиялары сәтті жүргізілген қалыптастырушы бағалау тәжірибелері мен халықаралық деңгейде мойындалған тәсілдемелерге негізделіп енгізіледі. Қалыптастырушы бағалауды жетілдіру арқылы мұғалімдердің қолданысындағы технологиялар қатарын кеңейтіп, оқу мен оқыту сапасын жақсартуда елеулі жетістікке жетуге болады.

Бағалауды әрі қарай осы бағытта дамыту үшін ресурстарды одан әрі ұлғайту, яғни қызметкерлерді кәсіби тұрғыдан дамыту, тапсырмалар базасын кеңейту, электрондық форматтағы қалыптастырушы бағалау алаңын енгізу (кері байланысымен бірге беріледі), бағалау құралдарының онлайн сараптамасын әзірлеу және енгізу қажет.

Зияткерлік мектептерде критериалды бағалаудың тиімділігі және оны одан әрі жетілдіру бойынша зерттеулер жүргізіледі.

Критериалды бағалау жүйесін мазмұндық тұрғыдан дамыту және сандық қолдау Зияткерлік мектептерді бағалау үдерістері мен құралдарын өз бетінше жаңаратын механизмдермен қамтамасыз етеді, білім беру ортасының сапасын көтереді және оны жүзеге асырудың тиімділігін арттыру саласында қолданбалы зерттеулер жүргізуге түрткі болады.

Нәтижесінде білім беру үдерісі сапасының артуын қамтамасыз ететін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың сенімді және сапалы жүйесі құрылатын болады.





### **Оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу**

Білім беру үдерісі тиімділігін үнемі бағалау мақсатында оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу жүйесі жетілдірілетін болады. Бұл білім алу барысында оқушылардың қол жеткізген нәтижелері мен жетістіктері жөнінде нақты ақпарат беруді қамтамасыз етеді, оның мақсаты – әрбір оқушының жеке білім алу траекториясын түзету және оқу бағдарламасын жетілдіру.

Әр мұғалім өз қажеттілігіне қарай бейімдей алатын тестілеуді әзірлеп енгізу, тапсырмалар қорын кеңейту және мониторинг нәтижелерін Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасына (БАББО) кіріктіру арқылы мониторингілеу жүйесі тұрақты түрде жұмыс істемек.

Зияткерлік мектептердің оқушылары оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық мониторинг зерттеулеріне қатысатын болады (PISA және т.б.).

Осы міндеттерді орындаудағы басты мәселе адами капиталды дамыту болып табылады. Сондықтан ДББҰ өз қызметкерлерін адаптивті тестілеу (оқушының оқу жетістігінің деңгейін анықтайтын тест), бағалаудағы инновациялық тәсілдерді әзірлеу және енгізу, психометриялық зерттеу, халықаралық мониторингілік зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу саласында оқытуды жоспарлап отыр.

Жүргізіліп жатқан мониторингінің тиімділігі әлеуметтік және валидациялық зерттеулер аясында бақыланады.

### **Оқушылардың білімін сыртқы жиынтық бағалау (СЖБ)**

Оқушылар бастауыш (5-сынып), негізгі (10-сынып) және жоғары (11 және 12-сыныптар) мектепті бітірген соң Cambridge Primary stage, IGCSE, AS-level және A-level және басқа да халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сыртқы жиынтық бағалаудан өтеді.

СЖБ оқушылардың математика мен жаратылыстанудан, сонымен қатар мәдениетаралық, жаһандық, сандық және оқу сауаттылықтарын тексеруге бағытталған емтихан жұмыстарынан тұрады, яғни оқушылардың түрі мен күрделілігі бойынша сан алуан тапсырмаларды, зертханалық, эксперименттік, тәжірибелік және курс жұмыстарын орындай алуы, ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізуі және эссе жаза алуы тексеріледі. Ағылшын тілін меңгеру деңгейін сыртқы бағалау үшін түлектер халықаралық емтихан тапсырады (IELTS, TOEFL және т.б.).

Тест тапсырмаларының қоры үздіксіз жаңартылып, емтихандардың мазмұны мен оларды өткізу тәртібін оңтайландырылып, мектептерге әдістемелік қолдау көрсету арқылы СЖБ жүйесі одан әрі дамытылады.

Физика, химия, биология пәндерінен виртуалды ортада зертханалық және эксперименттік (тәжірибелік) жұмыстарды өткізу үшін симуляторларды қолдану жоспарланып отыр. Оны білім беру саласын сандық түрлендіру, еңбек нарығында биоинформатика, химиялық инжиниринг және т.б. пәнаралық ғылыми бағыттары бар жаңа мамандықтардың пайда болуымен түсіндіруге болады. Симуляторды қолдану өткізілетін тәжірибелердің ауқымын кеңейтеді және ол күрделі ғылыми жұмыстарды модельдеуге, қиындық келтіретін эксперименттер мен зерттеулерді қарапайым жағдайда жасауды көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Аталған бағытты жүзеге асыру мақсатында ДББҰ қызметкерлерін халықаралық стандарттарға жауап беретін емтихан материалдарын әзірлеуге үйрету жұмысы жалғастырылады.

Мұғалімдерге вебинар арқылы әдістемелік қолдау көрсету, сонымен бірге оқушы жауаптарының үлгісі көрсетілген тапсырмалар қорын құру онлайн-платформа негізінде жүзеге асырылмақ, оған қоса, мұнда емтихан қабылдаушылардың оқушының тапсырмаларды орындау сапасына қатысты комментарийлері көрсетілетін болады. Бұл мұғалімдерге өз жұмысына рефлексия жасауға, оқыту мен оқу үдерісін үнемі жақсартуға, ал оқушыларға емтиханға тиімді дайындалуға мүмкіндік береді.

Шектеулі тұлғалар ғана қол жеткізе алатын емтихан материалдарының қауіпсіздігін сақтау, айырбастау, жаңарту мақсатында платформаны жетілдіру жоспарланып отыр. Бұл тест тапсырмаларының құпиялығын сақтаудағы қауіпсіздік шараларын күшейтуге мүмкіндік береді.

Оқушылар білімінің нәтижелерін сапалық, сандық және контекстік тұрғыдан талдау, сондай-ақ AS, A-level және тағы басқа бағдарламалармен салыстырылып, халықаралық деңгейде зерттеу арқылы СЖБ жүйесі жұмысының тиімділігі анықталатын болады.

### **Зияткерлік мектеп түлектерінің оқу нәтижелерін қазақстандық және халықаралық жоғары оқу орындарының мойындауы**

Зияткерлік мектептердегі 12 жылдық оқыту бағдарламасы мен ҚР ЖОО-ның білім беру бағдарламалары арасында сабақтастықтың болуы және бағалау нәтижелерінің халықаралық стандарттарға сәйкес келуі Зияткерлік мектеп түлектерінің шетелдік жоғары оқу орындарына түсуіне мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың тапсырмасымен қазақстандық жоғары оқу орындарында Назарбаев Зияткерлік мектептері түлектерінің жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу нәтижелері ескеріліп, бакалавриат бағдарламасын қысқа мерзімде оқып бітіру мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Түлектердің оқу нәтижелері шетелдік оқу орындарында танылуы үшін жетекші халықаралық ұйымдармен (NARIC, NUFFIC, ANABIN және т.б.) біліктілікті салыстырып, құжаттарды мойындау жөнінде келісім жасалады.

Зияткерлік мектеп түлектері университетке түсер алдында дайындық бағдарламасын өтпей, бірден оқуға қабылдануы үшін ДББҰ шетелдік жоғары оқу орындарымен мақсатты түрде жұмыс жүргізеді.

### **Зияткерлік мектептердің халықаралық аккредитациясы**

Зияткерлік мектептер халықаралық стандарттарға жауап беретін жоғары сапалы білім ұсынатынын растау үшін халықаралық аккредитациядан өтуді жалғастырады. Халықаралық аккредитация білім беру сапасын сырттан бағалаудың әлемде танылған әдісі болып табылады.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес 2019 жылдың соңына дейін барлық Зияткерлік мектептер Council of International Schools (CIS, Нидерланд) аккредитациясынан өтеді. Аккредитация өткеннен кейін әрбір мектеп 5 жылда аккредитацияланған мектеп мәртебесін растап тұруы қажет.

Аккредитацияланған мектеп мәртебесін растау бойынша жүйелі жұмысты жүргізу және әлемдегі халықаралық мектептердің аккредитациясына қатысуы үшін аккредитациялық агенттіктер ДББҰ қызметкерлері қатарынан тәуелсіз сарапшыларды дайындайтын болады.

Халықаралық аккредитацияның стандарттары мен талаптары туралы ақпарат ұсынатын және Зияткерлік мектептер арасында талқылау мен тәжірибе алмасу алаңы болып табылатын онлайн-платформаларды жетілдіру жоспарлануда. Білім беру үдерісіне қатысушылар арасында жүргізілген сауалнамалар нәтижелерін талдауға, мектептің даму динамикасын қадағалауға, бірінші кезеңнен бастап, қайта аккредитациялануға дейінгі әрбір стандарттың әлді және әлсіз жақтарын талдауға мүмкіндік беретін қызметтер автоматты түрде орындалатын болады.

Зияткерлік мектептерді бұдан әрі дамыту мақсатында өтетін аккредитацияның жекелеген кезеңдерінің нәтижелеріне негізделген зерттеулер жүргізілетін болады.

#### **Күтілетін нәтиже:**

Бағалау жүйесі білім беру жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкес жоғары сапалы болуына және NIS-Programme-мен оқыған түлектің біліктілігін мойындауға ықпал етеді.



## Кәсіби капитал

### Міндет: Зияткерлік мектептердің кәсіби капиталын арттыру

Зияткерлік мектептердің тұрақты дамуы Зияткерлік мектеп педагогтерінің кәсіби тұрғыдан дамуын талап етеді.

Ол үшін мұғалімнің кәсіби дамуының жаңа тұжырымдамасы әзірленіп, жүзеге асырылатын болады, мұндағы мақсат:

- NIS-Programme бағдарламасын, тәрбие жұмысын, бағалау жүйесін жүзеге асыруға қабілеті бар, стратегиялық тұрғыдан ойланып, тың идеяларды ұсына алатын мұғалімдердің әлеуетін арттыру;
- wiki-форсайт форматында "болашақ туралы ойлау" құзыреттілігін қалыптастыру;
- көптілдік оқытуды жүзеге асыру мақсатында мұғалімдердің тілдік құзыреттіліктерін дамыту;
- сабақ беруде, оқуда және өзін-өзі дамытуда сандық білім беру технологияларын қолдануға мүмкіндік беретін сандық сауаттылықты дамыту;
- білім беру ісінде сапалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін зерттеу мәдениетін және мұғалімнің рефлексиялық ұстанымын дамыту;
- Зияткерлік мектептердің мамандар қорын – көшбасшы басшыларын қалыптастыру.

Мұғалім мәртебесін өсіру, Зияткерлік мектеп мұғалімінің жеке брендін қалыптастыру, яғни оқыту және тәрбиелеу ісін шебер меңгерген, көптілді, өз тәжірибесін зерттей алатын, сондай-ақ білім беру саласындағы жаһандық бәсекелестікке бейімделген жоғары деңгейлі кәсіби маманды қалыптастыру үшін қызметтік бағалау жүйесі (аттестация) жетілдірілетін болады.

Аттестациялық және аттестацияаралық кезеңде мониторинг рәсімін цифрландыру жоспарланып отыр, бұл педагогтің электрондық портфолиосын қалыптастыруға, мұғалім жұмысын бақылауды жеңілдетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар педагог жұмысын бағалау үдерісінің ашық және әділ болуын қамтамасыз етеді.

Шетелдік мұғалімдерді қазақстандық мамандармен алмастыру және Зияткерлік мектептер мен «Болашақ» бағдарламасының түлектерін тарту іс-шаралары кешенді түрде жүзеге асырылады.

Мұғалімдердің кәсіби жұмысын зерттеу және білім беру үдерісінің тиімділігіне әсер ететін негізгі факторларды анықтау мақсатында мектеп мұғалімдері халықаралық зерттеулерге (TALIS және т.б.) қатысатын болады.

ЭЫДҰ-ның ұсынысына сәйкес мұғалімдердің оқу жүктемесіне негізделген еңбекақы төлеу (мөлшерлемелік) жүйесінен бас тартып, жұмыс жүктемесіне негізделген еңбекақы төлеу жүйесіне өту (қызметақы жүйесіне) жоспарланып отыр.

#### Күтілетін нәтиже:

Зияткерлік мектептерде жоғары сапалы білім беретін, бәсекеге қабілетті, көптілді кәсіби маман-мұғалімдер қауымы қалыптастырылады.

## Білім беру ортасы

### Міндет: Білім беруді дербестендіру жүйесі және Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасын дамыту

БАББО-ны дамыту шеңберінде қолданыстағы инфрақұрылым технологиялары мен шешімдері жаңартылатын болады, бұл ДББҰ кеңістігі шеңберіндегі барлық ақпараттық

жүйелерге мобильді қызметтер, сараптамалық дерекқор, жаңа бизнес-жобаларды автоматтандыру саласында дамуға мүмкіндік береді.

Үнемі жаңартылып тұратын, өзекті сандық форматтағы оқу материалдары жинақталған Оқуды дербестендіру жүйесі (ашық платформаларды (Open API), үлкен дерекқорларды (Big data) және жасанды зиятты дамыту) құрылатын болады, бұл:

- инклюзивті білім беру қағидаларын дамытуға;
- оқушы туралы жинақталған жеке мәліметтерді (психологиялық-диагностикалық зерттеу нәтижелерін, денсаулық паспортындағы мәліметтерді, социометриялық мәліметтерді және т.б.), оның пәндер бойынша оқу нәтижелерін, қызығушылығы мен жетістіктерін талдауға;
- оқушының қабілетіне, білім, білік, дағдыларға деген қажеттілігіне сәйкес оқу материалдары мен ресурстарын беру арқылы оның оқуы мен дамуының дербес траекториясын құруға;
- оқушылардың қызығушылығын анықтауға және мамандық таңдауға қатысты ұсыныс әзірлеуге;
- оқушыларды қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға;
- әртүрлі деңгейдегі сыныптарды ұйымдастыруға;
- жеделдетіп оқытудың әртүрлі түрлерін дамытуға;
- функционалды және білім беруші ойын ортасын түзуге;
- қажетті дағдыларды жетілдіру үшін симуляторлар мен виртуалды әлем құруға мүмкіндік береді.

Жүйелерге мониторинг жүргізу орталығы жұмыс істей бастайды. Бұл ДББҰ-ның ақпараттық жүйелерімен өңделетін үдерістері туралы сараптамалық және статистикалық ақпаратпен танысып отыруға мүмкіндік береді.

Мектептерде сандық біліммен қатар STEAM және басқа да басым бағыттар енгізіледі және дамытылады. Оларды іске асыру үшін өзара бірігіп жұмыс істейтін ғылыми зертханалар желісі құрылатын болады.

ДББҰ «World Robot Olympiad» және робот техникасы бағыттарындағы олимпиадалар, конкурстар мен сайыстардың ұлттық ұйымдастырушысы ретінде жұмысын жалғастырады.

Қызметкерлер мен оқушылардың жалпыға қолжетімді желілерде өздерін қауіпсіз ұстау мәдениетін дамытуға, ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін, осы жүйелерді қолданушылардың жеке мәліметтерін, әзірленген оқу ресурстары мен басқа материалдарға зияткерлік меншікті қорғауға бағытталған кешенді іс-шараларды жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінеді.

### **Мектептерді эксплуатациялау, материалдық-техникалық базаны жаңарту және жөндеу**

Оқушыларға оқуға қажетті жағдайды жасау мақсатында құрылыс, санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы нормалар мен ережелерге сәйкес күрделі және ағымдағы жөндеуді модернизациялау және ұйымдастыру, жоспарлау, алдын алу, тексеру, зерттеу және сынақтан өткізу арқылы Зияткерлік мектептер ғимараттары мен интернаттарын, сондай-ақ олардың маңайындағы аумақтарды тиісті деңгейде ұстап тұруға көңіл бөлінеді.

Табиғи төтенше жағдайлар туындаса (дауыл, су тасқыны және т.б.), оларды уақытылы оқшаулау және жою шаралары қолданылады.

Зияткерлік мектептердің жағдайын қалыпты сақтау, материалдық-техникалық базасын заманауи оқу құрал-жабдықтарын жаңарту, сондай-ақ істен шыққан технологиялық жабдықтарды жөндеу жұмыстары жалғастырылады.



### Күтілетін нәтижелер:

- оқу мен дамудың жеке траекториясын құруға мүмкіндік беретін автоматтандырылған жүйе;
- Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасының үздіксіз және қауіпсіз дамуы;
- Зияткерлік мектептер желісіндегі ақпараттық жүйелер жұмысын бақылауды және ашықтығын қамтамасыз ету;
- заманауи материалдық-техникалық базамен жабдықталған Зияткерлік мектептер нысандарының тиісті техникалық қалыпта болуы;
- Зияткерлік мектептердің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайды қамтамасыз ету.

## Зерттеулер негізінде дамыту

### **Міндет: Басқару жүйесінде шешім қабылдау, инновацияларды әзірлеу және енгізу мақсатында жүйелі әрі ұзақ мерзімді қолданбалы зерттеулер жүргізу**

ДББҰ-ның тұрақты дамуын қамтамасыз ету аясында білім беру үдерісінің сапасын арттыру мақсатында оқу бағдарламаларын, бағалау жүйесін, оқу ресурстарын жетілдіру, үздік тәжірибелерді жинақтап, тарату, инновациялық тәжірибені зерделеу үшін қолданбалы зерттеулер жүргізіледі.

Зерттеу нәтижелері әртүрлі дереккөздерде жарияланып, Зияткерлік мектептер желісінде ұлттық және халықаралық деңгейде талқыланатын болады.

Мынадай іс-шараларды жүзеге асыру жоспарланып отыр:

- ғылыми зерттеулер және ғылыми-педагогикалық есептер туралы республикалық және халықаралық баяндамаларға тұрақты түрде шолу жасау;
- әртүрлі зерттеу әдістерін қолданып, Зияткерлік және жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық тәжірибесі мен практикасына үздіксіз мониторинг жүргізу, бағалау және зерттеу (оқушылардың жақсы жағдайда білім алуы, ата-аналардың қанағаттануы, мектептегі ахуал, үштілді оқытуды енгізу, кәсіби өсуге деген қажеттілік, педагогтердің еңбекақы төлеу жүйесі және т.б.);
- ДББҰ тәжірибесін еліміздің орта білім беру жүйесіне тарату мәселесіне қатысты мониторинг және зерттеулер жүргізу;
- мұғалімдердің зерттеу мәдениетін жетілдіру;
- танымал ғылыми-зерттеу ұйымдарымен ынтымақтастық орнату;
- республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларға қатысу;
- зерттеу саласындағы гранттық конкурстарға қатысу;
- республикалық және халықаралық ғылыми басылымдарда мақалалар жариялау;
- зерттеу қауымдастықтарына мүше болу жолдарын іздестіру.

Ғылыми салада білім алу және кәсіби даму, өзара тиімді қарым-қатынас жасау, зерттеу нәтижелерін талқылауға арналған ашық зерттеу семинарлар (Open Research Seminars) ұйымдастырылады, білім берудің белгілі бір салаларында қызметкерлерді мамандандыру арқылы ДББҰ қызметкерлерінің ішкі зерттеушілік әлеуетін арттыруға қолдау көрсетіледі.

ДББҰ мектеп пен ғылыми-зерттеу ұйымдарының арасындағы алшақтықты азайтып, білім беру саласындағы тың идеялар мен инновацияларды ұсынатын сарапшылар мен ғалымдардың басын біріктіретін негізгі орталық болуға ұмтылады.



ДББҰ жыл сайын ұйымдастыратын халықаралық конференция аясында басшылар, зерттеушілер мен практиктердің басын қосып, әртүрлі мүдделі тараптардың қатысуымен өтетін интерактивті пікірталас жүргізуге мүмкіндік береді.

#### **Күтілетін нәтиже:**

Зерттеу нәтижелері білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында басқарушылық шешім қабылдау, инновация енгізу үшін қолданылады.

## **Жаһандық серіктестік**

### **Міндет: Халықаралық жобаларға қатысу**

ДББҰ ЭЫДҰ-ның «Білім беру мен дағдылар болашағы: Білім беру-2030» жобасында жұмысын жалғастырады. Аталған жоба адамдардың 2030 жылы жақсы өмір сүруіне қажетті дағдыларды, құзыреттерді және құндылықтарды анықтауға, сондай-ақ қазіргі заманның талаптарына сәйкес мектептегі білім беруді өзгертуге бағытталған.

БҰҰДБ-ның қоршаған ортаны сақтау бағытындағы бағдарламасы шеңберінде мектепте экологиялық бастамаларды дамыту жұмысын жалғастырады.

ЮНЕСКО-мен жүргізілетін серіктестік қарым-қатынас:

- іргелі білімді дамыту (оның ішінде STEM-білім, салауатты өмір салтына бағытталған білім, көптілді білім және АКТ сауаттылығы);
- XXI ғасыр құзыреттіліктерін дамыту (оның ішінде, жаһандық азаматтық пен медиа-ақпараттық сауаттылық, экстремизмнің алдын алу тұрғысынан) салаларына бағытталатын болады.

Зияткерлік мектептер Халықаралық Бакалавриат, Халықаралық мектептер кеңесі (CIS), Дүниежүзілік сабақты зерттеу қауымдастығы, IAEA, AEA-Europe Еуропалық білім берудегі бағалау қауымдастықтары және т.б. халықаралық ұйымдардың мүшесі бола отырып, серіктес халықаралық мектептермен ынтымақтастығын одан әрі дамытады және ТМД, Орта Азия және т.б. елдердің ұйымдарына мүше болуды жалғастырады.

Зияткерлік мектептерді дамытып, тәжірибені ұлттық деңгейде тарату мақсатында ДББҰ халықаралық және үкіметаралық ұйымдармен әріптестікті кеңейтуді және нығайтуды жоспарлап отыр. Ұзақ мерзімді жоспарда орта білім беру саласында серіктестермен әлемдік деңгейде бірлесіп жұмыс істейді, соның ішінде консалтингтік қызмет көрсететін болады.

ДББҰ G-Global-мен<sup>9</sup> серіктестікті дамытып, оны аймақтық байланысты нығайтатын коммерциялық жобаларды әзірлеуге арналған алаң, табиғатты және қоршаған ортаны қорғау бойынша түрлі жұмыстар атқарылатын орта, STEAM білім беру бағдарламасын бірігіп әзірлеуге және Астана экономикалық форумы, ДББҰ халықаралық конференциясы секілді ортақ іс-шараларға қатысуға арналған платформа ретінде қарастырады.

#### **Күтілетін нәтиже:**

ДББҰ тұрақты даму мақсатында халықаралық жобаларға қатысады.

<sup>9</sup> «Ғалымдардың Еуразиялық экономикалық клубы» қауымдастығы құрылған, Астана экономикалық форумының жанындағы жаһандық экономикалық проблемаларды тиімді шешуге бағытталған ақпараттық-коммуникациялық платформа



## Коммерцияландыру және табыс көздерін ашу

### **Міндет: Еліміздегі және шетелдегі бәсекелес ортада сапалы білім беру қызметі мен зияткерлік өнімдерді ұсыну**

Қазақстан мен шетелдердегі мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы ақылы қызметтер/тауарлар нарығын бағалау және үрдістерді талдауға сәйкес жинақталған тәжірибе мен қажетті әлеуетті ескеріп, ДББҰ-да жаңа бағыт – тауарлар мен қызметтерді коммерцияландыру ісі дамытылатын болады.

ДББҰ инвесторлар есебінен Зияткерлік және халықаралық мектептер желісін (оның ішінде мемлекеттік және жеке меншік сектор арасындағы серіктестік шеңберінде) көбейту бағытында (әсіресе, Астана және Алматы қалаларында) жұмыс жүргізеді.

Алға қойылған міндетті орындау үшін:

- тауарлар мен қызметтерді коммерцияландыру мүмкіндіктері, оларды қолдану және одан туындайтын қауіптерді зерттеу негізінде осы саланы дамытудың тұжырымдамасы әзірленеді;
- тауарлар мен ақылы қызметтерді дамыту саласындағы нормативтік құқықтық база жетілдіріледі;
- елде және шетелде ұсынылатын ДББҰ-ның ақылы қызметтері мен тауар түрлері анықталады;
- білім беру қызметтері мен тауарлардың тізімі жасалады;
- халықаралық ұйымдарда ДББҰ мамандарын сертификаттау, бағдарламаларын авторизациялау/сертификаттау және қызметін аккредитациялау жүргізіледі.

ДББҰ коммерциялау жобаларын қызметтердің дайын болуына қарай сатылы түрде жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Инновациялық ұйым ретінде ДББҰ сұранысқа ие консалтингілік қызметтерді (елде және шетелдерде), соның ішінде белгілі халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып, мынадай бағытта қызмет түрлерін көрсетеді:

- білім беру бағдарламалары мен бағалау жүйесін әзірлеу, оқыту, енгізу және мониторинг жүргізу;
- Зияткерлік мектептерге түсуге арналған сынақ тестілеу өткізу;
- педагогтердің біліктілігін арттыру;
- мұғалімдерді кәсіби даярлау бағдарламаларын аттестаттау;
- ҚР жалпы білім беретін мектептерінде және шетелдерде NIS-Programme білім беру бағдарламасын авторизациялау;
- білім беру ұйымдарын аккредитациядан өткізу;
- педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектері мен педагогикалық жұмыспен айналысқысы келетін басқа да тұлғаларды педагогтердің кәсіби стандарттарының негізінде тәуелсіз сертификаттау;
- педагог қызметкерлердің кәсіби стандарттары негізінде педагог мамандарды аттестаттау шеңберінде кәсіби тест өткізу;
- іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүргізу;
- каникулдық және виртуалды мектептер ұйымдастыру;
- СББР және ОӘК әзірлеу, сараптамадан өткізу;
- ОӘК авторларын оқыту;
- IT оқыту;

- мектептерді халықаралық аккредитацияға дайындау;
- Зияткерлік мектептердің оқыту тәжірибесін шетелге экспорттау;
- тағы басқа бағыттар (баспахана, орын-жайды және құрылғыларды жалға беру және т.б.) бойынша түрлі жұмыстар ұйымдастыру.

Аталған бағытты ойдағыдай жүзеге асыру үшін нарықты талдауға, сауда-саттықтың маркетингтік жоспарын әзірлеуге, оны іс жүзінде жүзеге асыруға, демеушілік іздеуге бағытталған іс-шаралар кешені қолға алынады.

**Күтілетін нәтиже:**

ДББҰ елімізде және шетелдерде нарық талаптары мен үрдістеріне сәйкес келетін сапалы және сұранысқа ие коммерциялық қызметтерді ұсынады.





## 2-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

### 3.2. Тәжірибені тарату және инновацияларды қолдау

#### Мектеп көшбасшылығы және басқару

ДББҰ жаңартылған білім беру мазмұны мен үш тілде оқытуды енгізуді қолдайтын білім беру басқармалары мен жалпы білім беретін мектептердің әртүрлі деңгейдегі басшыларын кәсіби дамыту арқылы мектеп көшбасшылығы мен басқару тәжірибесін еліміздің орта білім беру жүйесіне тарату ісін жалғастырады.

Пән мұғалімдерінің кәсіби қауымдастығын құру, басшылардың, яғни білім беру саласындағы көшбасшылардың кадрлер қорын қалыптастыру маңызды міндет болып табылады.

Басшылық жұмысын тиімді ұйымдастыру оқушыларды табысты тұлға ретінде тәрбиелеуге (психологиялық, әлеуметтік және тән саулығы тұрғысынан) және мектептегі өзара сенімділікке құрылған көшбасшылықты бөлісуге септігін тигізеді. Бұл мектепті басқарудың озық тәжірибелері мен инновациялары арқылы мұғалімдерге, оқушылар және ата-аналарға қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

#### Орта білім беру мазмұнын жаңарту

##### **Міндет: Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде білім мазмұнын жаңарту және инновацияларды қолдау**

Назарбаев Зияткерлік мектептері өңірлердегі әдістемелік орталық ретінде жаңартылған білім мазмұны мен инновацияларды енгізуде және оқыту сапасын арттыру мақсатында мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен көшбасшылығын дамытуда жалпы білім беретін мектептерге әдістемелік қолдау көрсетуді жалғастырады.

##### **Білім мазмұны**

Еліміздің мектептеріне жаңартылған білім мазмұнын енгізу үдерісі оқу бағдарламаларының тиімділігін, оқыту сапасы мен оқушы жетістіктерін зерттеумен және бақылаумен қатар жүргізіледі.

Мониторинг нәтижесіне сәйкес оқу бағдарламалары білім беру деңгейлері бойынша кезең-кезеңмен қайта қарастырылып отырады. Еліміздің жалпы білім беретін мектептері қайта қарастырылған оқу бағдарламалары туралы әдістемелік нұсқаулықтармен, ұсыныстармен қамтамасыз етіледі. Оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті материалдар «Жүйелі-әдістемелік кешен» (ЖЭК) электронды порталында орналастырылады.

##### **Тәрбие жұмысы жүйесі**

Зияткерлік мектептер аймақтардағы жалпы білім беретін мектептерге жас ұрпақты тәрбиелеу және рухани жаңғырту мәселелеріне қатысты тәжірибені түрлі жобалар мен әлеуметтік іс-шаралар арқылы таратады. Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысы түрлерін енгізу және тәжірибеде қолдану мектеп басшылары мен мұғалімдерін оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысын жүзеге асыруда оқушылардың жан, тән және әлеуметтік саулығына ерекше мән берілетін болады.

##### **Бағалау жүйесі**

Критериалды бағалау жүйесі жаңартылған білім мазмұнын енгізудің ажырамас бөлігі болып табылады. Бағалау құралдары мен критерийлері, оларды қолдану жөніндегі әдістемелік ұсыныстар, электрондық есеп беру жүйесі оқу бағдарламалары білім беру

деңгейлері бойынша кезең-кезеңмен қайта қаралған кезде бірге әзірленеді және жаңартылады. Оқушылар білімін критериалды бағалау бойынша мұғалімдерге арналған онлайн курс әзірлеп, енгізуді жалғастыру жоспарланып отыр.

Жаңартылған білім мазмұнын апробациялау нәтижелерін зерттеу мақсатында 30 пилоттық мектеп оқушыларын диагностикалық тестілеуді өткізу жалғасатын болады. Критериалды бағалау жүйесін енгізудің тиімділігін бағалау бойынша зерттеу жұмысы өткізіледі. Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер білім сапасын талдау, оқу бағдарламаларын, бағалау құралдары мен үдерістерін жетілдіру, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, елімізде білім беру жүйесін дамыту және өзге де жұмыстарды ұйымдастыру үшін қолданылатын болады.

ДББҰ қызметкерлері әртүрлі кеңестер, вебинарлар, тренингтер мен басқа да іс-шараларды ұйымдастыру арқылы мұғалімдердің бағалауға қатысты жұмыстарына қолдау көрсетеді.

#### **Күтілетін нәтиже:**

Еліміздің барлық жалпы білім беретін мектептерінде жаңартылған білім беру мазмұны сәтті енгізіледі. Ата-аналардың, оқушылардың және жалпы қоғамның білім беру жүйесіне одан әрі көңілі толады.

## **Педагогтердің кәсіби дамуы**

### **Міндет: Мектептерде жоғары сапалы білім беру үшін мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құру**

ДББҰ мониторинг нәтижелеріне сәйкес жаңартылып, қайта қарастырылған білім мазмұны, критериалды бағалау жүйесі, мектеп басшылығының көшбасшылығы және өзге де өзекті мәселелер бойынша біліктілікті арттыру курстарын өткізіп, мұғалімдердің кәсіби дамуына қолдау көрсетеді.

Мына жұмыстар әрі қарай жалғасын табады:

- жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламалары сабақтастығы шеңберінде барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарымен бірігіп жұмыс істеу;
- мектеп тренерлері мен үйлестірушілерін дайындау және қолдау (оның ішіне онлайн-ортаны дамыту) арқылы мектеп әлеуетін жүйелі түрде арттыру;
- мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша білім беру бағдарламаларының сапасын халықаралық сертификаттау және жүзеге асырылып жатқан бағдарламалардың нәтижелері бойынша мұғалімдерді тәуелсіз сертификаттау жүйесін құру, соның нәтижесінде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін мойындау;
- еңбек нарығының талаптарына және еліміздегі мұғалімдердің жеке кәсіби қажеттіліктеріне жауап беретін халықаралық деңгейде танылған педагогтердің біліктілігін арттыру және тәуелсіз сертификаттау жүйесін дамыту;
- мұғалім мәртебесін көтеру мақсатында жұмыс жүктемесіне негізделген еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін (қызметақы жүйесін) енгізуге қатысты ұсыныстар әзірлеу.

Нәтижесінде, елімізде білім беру саласында инновацияларды ұсынып, оқу үдерісіне енгізетін кәсіби педагог мамандар қауымы қалыптасатын болады.

#### **Күтілетін нәтиже:**

Жаңартылған білім беру мазмұнын қолдайтын қазақстандық кәсіби педагогтер қоғамдастығы қалыптастырылады.



## Білім мазмұнын жаңартуды әдістемелік тұрғыдан қолдау

### **Міндет: Тәжірибе таратудың бірыңғай платформасын құру**

Сандық жүйеге көшу аясында ДББҰ-да жұмыс істейтін «Жүйелі-әдістемелік кешен» мен «Педагогикалық қызметкерлердің дерекқоры» ақпараттық жүйелерін тәжірибені тарататын бірыңғай платформаға біріктіру көзделіп отыр.

Бұл платформа мұғалімдердің оқу ресурстарына қолжетімділігін арттыратын, жетекші білім беру ұйымдарының тәжірибесін таратуға және мұғалімдер арасында өзара тәжірибе алмасуға арналған алаң болып табылады.

Аталған платформа еліміздегі ғылыми және педагог қауымының түрлі клубтарына, қоғамдастықтарына және кәсіби қауымдастықтарына өзара тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

### **Күтілетін нәтиже:**

Мұғалімдер өзара кәсіби қарым-қатынас жасайтын бірыңғай платформа жұмыс істейді.

## 4. ИНДИКАТОРЛАР. КӨРСЕТКІШТЕР

Индикатор/көрсеткіш	Өлшем бір-лігі	2020	2025	2030	Ескертулер
<b>Стратегиялық мақсат:</b> Елімізде және шетелдерде мектепке дейінгі және орта білім беру жүйесінде сапалы қызмет көрсететін инновациялық ұйым болып қалыптасу.					
<b>1-ИНДИКАТОР</b> Аяқталған, республикалық және халықаралық конференцияларда және/немесе импакт-факторы жоғары журналдарда жарияланған зерттеулердің саны	бірлік	1	5	10	
<b>2-ИНДИКАТОР</b> Елімізде және шетелдерде мойындалған зияткерлік өнімдер саны	бірлік	12	15	20	ҚР БҒМ бұйрығы, ISBN, аккредитациялау агенттіктерінің шешімі, халықаралық сертификаттар, зияткерлік меншік құқықтары, патенттер
<b>3-ИНДИКАТОР</b> Оқушылардың елімізде және шетелдерде танылған ғылыми-зерттеу жобаларының саны	бірлік	30	40	50	
<b>4-ИНДИКАТОР</b> Халықаралық аккредитациядан өткен зияткерлік мектептер саны	бірлік	20	-	-	
<b>5-ИНДИКАТОР</b> Халықаралық аккредитацияны растаған зияткерлік мектептер саны	бірлік	-	15	15	Халықаралық аккредитациядан өткені туралы 5 жыл сайын расталып отырады
<b>6-ИНДИКАТОР</b> Қазақстандағы және шетелдердегі серіктес мектептер саны	бірлік	әр зияткерлік мектеп үшін кем дегенде 5	әр зияткерлік мектеп үшін кем дегенде 5	әр зияткерлік мектеп үшін кем дегенде 5	
<b>7-ИНДИКАТОР</b> Қазақстанда және шетелдерде хабар тарататын зияткерлік мектептердің білім беру арналарының жұмыс істеуі	канал	-	жұмыс істейді	жұмыс істейді	

## 2-тарау. БАСҚАРУ

### Міндет: Заманауи басқару нысандарын іске асыру

Күтілетін нәтиже: Заманауи басқару нысандары іске асырылады.

<b>1-көрсеткіш</b> Қамқоршылық кеңес жұмыс істейтін мектептер саны	бірлік	20	20	20
<b>2-көрсеткіш</b> Тәуелсіз аудиторлық компания есебі	есеп	есеп	есеп	есеп
<b>3-көрсеткіш</b> ДББҰ қызметі туралы жыл сайынғы есеп	есеп	есеп	есеп	есеп
<b>4-көрсеткіш</b> Зияткерлік мектептер қызметі туралы жыл сайынғы есеп	есеп	есептер	есептер	есептер

## 3-бөлім. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.

### 1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. Зияткерлік мектептердің тұрақты дамуы

#### БІЛІМ МАЗМҰНЫ

### Міндет: Білім беру бағдарламасы мен көптілділік саясатын жетілдіру

Күтілетін нәтиже: Зияткерлік мектептер функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған NIS Programme білім беру бағдарламасын жүзеге асырады.

<b>5-көрсеткіш</b> Барлық пәндер мен сыныптар бойынша әзірленген және қайта қаралған оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының саны	бірлік	240	*	*	Саны мониторинг нәтижелері бойынша нақтыланады
<b>6-көрсеткіш</b> Жеделдетіп оқыту бойынша әзірленген оқу бағдарламалары мен жоспарларының саны	бірлік	53	қайта қарастырылады	қайта қарастырылады	
<b>7-көрсеткіш</b> Әзірленген және енгізілген оқулықтар, ОӘК, әдістемелік құралдар саны	бірлік	73	100	60	
<b>8-көрсеткіш</b> Қайта қарастырылған оқулықтар мен ОӘК саны	бірлік	10	77	97	
<b>9-көрсеткіш</b> Латын графикасындағы оқу бағдарламаларына, орта мерзімді оқу жоспарларына, ОӘК пен оқу құралдарына кезең-кезеңмен көшу	көшу	жартылай	толық	толық	ҚР көшу кестесіне сәйкес

**ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕСІ****Міндет:** Мәдени мұраны сақтау және жаңғырту, жастарға патриоттық тәрбие беру және рухани жағынан дамыту**Күтілетін нәтиже:** Біртұтас ұлттың бәсекеге қабілетті, сындарлы, мықты, жасампаз, отансүйгіш және белсенді тұлғасы.

<b>10-көрсеткіш</b> Таратуға лайықты идеяларды қалыптастыратын Зияткерлік мектеп оқушылары көшбасшыларының желілік қоғамдастығының жұмыс істеуі	қауымдастық	жұмыс істейді	жұмыс істейді	жұмыс істейді
<b>11-көрсеткіш</b> «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалпы республикалық акцияларын ұйымдастыратын оқушылар үлесі	%	15	20	25
<b>12-көрсеткіш</b> Зияткерлік мектептердің 1-12 сынып оқушыларының әлеуметтік жобаларға, тағылымдамаларға, акцияларға және қосымша білім алу шараларына қатысу үлесі	%	90	90	90
<b>13-көрсеткіш</b> «Туған елге тағзым» экспедициясы аясында оқушылар дайындаған өнімдер/қызметтер саны	бірлік	25	30	35

**ТҮЛЕКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ****Міндет:** Зияткерлік мектептердің «елшілері» ретінде әрекет ететін және Қазақстанның тұрақты дамуына сүбелі үлес қосатын түлектер қоғамдастығын дамыту**Күтілетін нәтиже:** Түлектер қауымдастығы Зияткерлік мектептердің және еліміздің дамуына елеулі үлес қосады.

<b>14-көрсеткіш</b> Мектеп түлектерінің желілік қауымдастығының жұмыс істеуі	қауымдастық	жұмыс істейді	жұмыс істейді	жұмыс істейді
<b>15-көрсеткіш</b> Зияткерлік мектеп түлектерінің endowment қорының құрылуы және жұмыс істеуі	қор	-	құрылды	жұмыс істейді
<b>16-көрсеткіш</b> Зияткерлік мектеп түлектерінің endowment қорының қолдауымен өткізілетін оқушыларға білім беру және ғылыми-зерттеу жобаларының саны	бірлік	-	3	8



17-көрсеткіш	форум	өткізіледі	өткізіледі	өткізіледі	өткізіледі	2 жылда 1 рет
<b>Зияткерлік мектеп түлектерінің форумын өткізу</b>						
<b>САПАНЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ</b>						
<b>Міндет: Бағалау жүйесін тұрақты дамыту</b>						
<b>Күтілетін нәтиже:</b> Бағалау жүйесі білім беру жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкес жоғары сапалы болуына және NIS-Programme-мен оқыған түлектің біліктілігін мойындауға ықпал етеді.						
<b>18-көрсеткіш</b> Сапалы бағалау рәсімдері мен құралдарын әзірлеуді қамтамасыз ететін жүйенің жұмыс істеуі	жүйе	жұмыс істейді	жұмыс істейді	жұмыс істейді	жұмыс істейді	
<b>19-көрсеткіш</b> Оқушыларды конкурстық іріктеу рәсімін жетілдіру және оның жұмыс істеуі	рәсім	жетілдірілді	жұмыс істейді	жұмыс істейді	жұмыс істейді	
<b>20-көрсеткіш</b> Оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг өткізу аясында адаптивті (оқушының оқу жетістігінің деңгейін анықтайтын тест) тестілерді әзірлеу және енгізу	тестілеу	-	әзірленді	әзірленді	енгізілді	
<b>21-көрсеткіш</b> Оқушылардың танымдық емес (когнитивті емес) дағдыларын бағалау құралдарын әзірлеу және енгізу	құралдар	-	әзірленді	әзірленді	енгізілді	
<b>22-көрсеткіш</b> Электрондық қалыптастырушы бағалауға арналған платформаны енгізу (кері байланысымен бірге беріледі)	платформа	-	әзірленді	әзірленді	енгізілді	
<b>23-көрсеткіш</b> Емтихан жұмысын тексеруді автоматтандыру	жүйе	-	әзірленді	әзірленді	енгізілді	
<b>24-көрсеткіш</b> Олимпиадаға қатысқан Зияткерлік мектеп оқушыларының жалпы санына шаққандағы республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми сайыс жеңімпаздарының үлесі	%	40	50	50	50	

<b>25-көрсеткіш</b> NIS-Programme білім беру бағдарламасымен оқыған тұлғалардың біліктілігін мойындайтын ЖОО/ұйымдардың саны	бірлік	5	10	15	
<b>26-көрсеткіш</b> Оқу жылы нәтижелері бойынша білім сапасы	%	85	85	90	
<b>27-көрсеткіш</b> ЖОО-ға түскен Зияткерлік мектеп тұлғаларының үлесі	%	98	98	98	
<b>КӘСІБИ КАПИТАЛ</b>					
<b>Міндет: Зияткерлік мектептердің кәсіби капиталын арттыру</b>					
<b>Күтілетін нәтиже:</b> Зияткерлік мектептерде жоғары сапалы білім беретін, бәсекеге қабілетті, көптілді кәсіби маман-мұғалімдер қауымы қалыптастырылады.					
<b>28-көрсеткіш</b> Педагогикалық шеберлік деңгейіне ие педагогтер үлесі:	%	17	10	6	
Стажер мұғалім	%	37,7	31	21	
Модератор мұғалім	%	35	43	49	
Сарапшы мұғалім	%	10	15,2	22,5	
Зерттеуші мұғалім	%	0,3	0,7	1,3	
Шебер мұғалім	%	-	0,1	0,2	
<b>29-көрсеткіш</b> Қазақ, орыс және шет тілдерін меңгерген Зияткерлік мектептердің педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың үлесі	%	25	30	50	B2 деңгейіне сәйкес
<b>30-көрсеткіш</b> Зияткерлік мектептердегі мұғалімдердің жалпы санына шаққандағы шетел мұғалімдерінің үлесі	%	5%-дан кем емес	5%-дан кем емес	5%-дан кем емес	Мектептер мен пәндер бойынша шетелдік қызметкерлерге деген қажеттілік жыл сайын бекітіледі
<b>31-көрсеткіш</b> Мұғалімдердің жалпы санына шаққандағы сертифицирталған тренер- мұғалімдердің үлесі	адам	600	700	800	





<b>32-көрсеткіш</b> Зияткерлік мектептерде магистр академиялық дәрежесі бар қызметкерлердің үлесі	%	30	35	40	
<b>33-көрсеткіш</b> Ғылыми дәрежесі бар ДББҰ қызметкерлерінің үлесі (PhD, ғылым кандидаттары мен докторлары)	%	2	3	4	
<b>34-көрсеткіш</b> Таратуға лайықты идеяларды қалыптастыратын Зияткерлік мектеп көшбасшы мұғалімдерінің желілік қоғамдастығының жұмыс істеуі	қоғамдастық	жұмыс істейді	жұмыс істейді	жұмыс істейді	
<b>35-көрсеткіш</b> ОӘК әзірледі үйренген педагогтер саны	адам	45	45	-	
<b>36-көрсеткіш</b> Бағалау құралдары мен рәсімдерін әзірледі үйренген педагогтер саны	адам	28	28	28	
<b>37-көрсеткіш</b> Мұғалімдердің жұмыс жүктемесіне негізделген еңбекақы төлеу жүйесінің (қызметтағы жүйесінің) жұмыс істеуі	жүйе	жұмыс істейді	жұмыс істейді	жұмыс істейді	
<b>БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ</b>					
<b>Міндет: Білім беруді дербестендіру жүйесі және Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасын дамыту</b>					
<b>Күтілетін нәтижелер:</b>					
<ul style="list-style-type: none"> <li>оқу мен дамудың жеке траекториясын құруға мүмкіндік беретін автоматтандырылған жүйе;</li> <li>Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасының үздіксіз және қауіпсіз дамуы;</li> <li>Зияткерлік мектептер желісіндегі ақпараттық жүйелер жұмысын бақылауды және ашықтығын қамтамасыз ету;</li> <li>заманауи материалдық-техникалық базамен жабдықталған Зияткерлік мектептер нысандарының тиісті техникалық қалыпта болуы;</li> <li>Зияткерлік мектептердің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайды қамтамасыз ету.</li> </ul>					
<b>38-көрсеткіш</b> Жетілдірілген көпфункционалды БАББО жүйесінің жұмыс істеуі	жүйе	-	апробацияланады	жұмыс істейді	
<b>39-көрсеткіш</b> Оқуды дербестендірудің автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеуі	жүйе	апробацияланады	жұмыс істейді	жұмыс істейді	

<b>40-көрсеткіш</b> Жүйелерді мониторингілеу орталығының жұмыс істеуі	орталық	-		жұмыс істейді	жұмыс істейді
<b>41-көрсеткіш</b> ДББҰ қызметінің статистикалық деректерінің бірыңғай электронды дерекқорының жұмыс істеуі	дерекқор	-		апробацияланады	жұмыс істейді
<b>42-көрсеткіш</b> Ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген мектептер саны	бірлік	20	20		20
<b>43-көрсеткіш</b> Күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген мектептер саны	бірлік	-	-		2 ҚР құрылыс нормаларына сәйкес күрделі жөндеу 20 жылда бір рет қарастырылады
<b>44-көрсеткіш</b> Материалдық-техникалық базасы жаңартылған мектептер саны	бірлік	-	20		20
<b>ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ ДАМУ</b>					
<b>Міндет: Басқару жүйесінде шешім қабылдау, инновацияларды өзірлеу және енгізу мақсатында жүйелі әрі ұзақ мерзімді қолданбалы зерттеулер жүргізу</b>					
<b>Күтілетін нәтиже:</b> Зерттеу нәтижелері білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында басқарушылық шешім қабылдау, инновация енгізу үшін қолданылады.					
<b>45-көрсеткіш</b> Орта білім беру саласында өткізілген зерттеулер саны	есеп	6	10		15
<b>46-көрсеткіш</b> Импакт-факторлары нөлден жоғары ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалар саны	жылына бірлік	2	10		20



<b>47-көрсеткіш</b> Зияткерлік мектеп педагогтерінің жалпы санына шаққандағы республикалық және халықаралық конкурстарға, конференцияларға қатысқан педагогтердің үлесі	%	0,5	2	5	
<b>48-көрсеткіш</b> Республикалық және халықаралық конкурстарда, конференцияларда сөз сөйлеген ДББҰ қызметкерлерінің (мектептерді есепке алмағанда) саны	бірлік	10	15	30	
<b>49-көрсеткіш</b> Республикалық және халықаралық конкурстарда, конференцияларда баяндама жасаған оқушылардың үлесі	%	12	15	18	
<b>ЖАҢАҢДЫҚ СЕРІКТЕСТІК</b>					
<b>Міндет: Халықаралық жобаларға қатысу</b>					
<b>Күтілетін нәтиже:</b> ДББҰ тұрақты даму мақсатында халықаралық жобаларға қатысады.					
<b>50-көрсеткіш</b> Серіктес халықаралық ұйымдар саны	бірлік	2	3	3	
<b>51-көрсеткіш</b> ДББҰ қатысатын халықаралық жобалардың саны	бірлік	2	3	5	
<b>52-көрсеткіш</b> Халықаралық зерттеулерге қатысу (PISA, TALIS, TIMSS, және т.б.)	бірлік	2	2	2	
<b>КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ТАБЫС КӨЗДЕРІН АШУ</b>					
<b>Міндет: Еліміздегі және шетелдегі бәсекелес ортада сапалы білім беру қызметі мен өнімдерін ұсыну</b>					
<b>Күтілетін нәтиже:</b> ДББҰ елімізде және шетелдерде және шетелдерде нарық талаптары мен үрдістеріне сәйкес келетін коммерциялық қызметтерді ұсынады.					
<b>53-көрсеткіш</b> ДББҰ-ның елімізде және шетелдерде ұсынатын ақылы өнімдерінің /қызметтерінің саны	бірлік	20	25	30	

**2-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. Тәжірибені тарату және инновацияларды қолдау****ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ**

**Міндет:** Жалпы білім беретін мектептерде білім мазмұнын жаңарту

**Күтілетін нәтиже:** Еліміздің барлық жалпы білім беретін мектептерінде жаңартылған білім беру мазмұны сәтті енгізіледі. Ата-аналардың, оқушылардың және жалпы қоғамның білім беру жүйесіне көңілі толады.

<b>54-көрсеткіш</b> ҚР жалпы білім беретін мектептеріне арналып әзірленген оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының саны	бірлік	141	*	*	* мониторинг нәтижесі бойынша
<b>55-көрсеткіш</b> ҚР жалпы білім беретін мектептеріне арналып қайта қаралған оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының саны	бірлік	100	*	*	* мониторинг нәтижесі бойынша
<b>56-көрсеткіш</b> Критериалды бағалау бойынша сыныптар, пәндер және тілдер бойынша әзірленген әдістемелік ұсыныстар саны	бірлік	377	*	*	* мониторинг нәтижесі бойынша
<b>57-көрсеткіш</b> Критериалды бағалау бойынша сыныптар, пәндер және тілдер бойынша қайта қаралған әдістемелік ұсыныстар саны	бірлік	72	*	*	* мониторинг нәтижесі бойынша
<b>58-көрсеткіш</b> Тәрбие жұмысы бойынша ҚР БҒМ-ға берілген жобалардың/іс-тәжірибелердің саны	бірлік	3	7	10	

**МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ**

**Міндет:** Мектептерде жоғары сапалы білім беру үшін мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құру

**Күтілетін нәтиже:** Жаңартылған білім беру мазмұнын қолдайтын қазақстандық кәсіби педагогтер қоғамдастығы қалыптастырылады.

<b>59-көрсеткіш</b> Біліктілікті арттыру курсынан өткен еліміздің білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог мамандардың саны	адам	210 786	328 676	328 676	
<b>60-көрсеткіш</b> Біліктілікті арттыру курсынан өткен еліміздің жоғары оқу орындарында және колледждерде жұмыс істейтін педагог мамандардың саны	адам	2 865	3 665	4 165	



<b>61-көрсеткіш</b> Педагог мамандардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында дайындалған тренерлер саны	адам	3 918	4 668	5 168	
<b>62-көрсеткіш</b> Курстан кейін қолдау көрсетілетін ПШО курсынан өткен педагог қызметкерлердің үлесі	%	60	70	80	
<b>63-көрсеткіш</b> Әзірленген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары, біліктілікті арттыру курсы қолдауға арналған әдістемелік материалдардың саны	бірлік	655	1 055	1 455	
<b>64-көрсеткіш</b> Халықаралық сертификаттаудан өткен біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының саны	бірлік	4	7	10	
<b>65-көрсеткіш</b> Жалпы білім беретін мектептерге жұмыс жүктемесіне негізделген еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін (қызметтақы жүйесін) енгізуге қатысты ұсыныстар әзірлеу	ұсыныстар	-	ұсыныстар		
<b>БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАҚТАУДЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰРҒЫДАН ҚОЛДАУ</b>					
<b>Міндет: Тәжірібе таратудың бірыңғай платформа құру</b>					
<b>Күтілетін нәтиже:</b> Мұғалімдер өзара кәсіби қарым-қатынас жасайтын бірыңғай платформа жұмыс істейді.					
<b>66-көрсеткіш</b> Еліміздің мұғалімдері өзара кәсіби қарым-қатынас жасайтын бірыңғай платформа құру	платформа	апробацияланады	жұмыс істейді	жұмыс істейді	

Сдано в набор 09.04.2018. Подписано в печать 21.11.2018.  
Формат А4. Офисная бумага 80 г/м<sup>2</sup>. Печать цифровая.  
Усл. печ. л. 5,15. Тираж \_\_ экз. Заказ № \_\_\_\_

Отпечатано в типографии ЧУ «Центр педагогического мастерства»  
010000, г. Астана, ул. 31, 37А  
e-mail: info@cpm.kz





